

АҚМЕШІТ жастары



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



№ 46 (427)
18 қараша, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Халықтың түйткілді мәселелерінен құлағдар болып, шешу жолын қарастыру – депутаттардың басты мақсаты. Бұл қағида Мағжан Ерәлиевтің басты миссиясына айналған. Сайланғанына жылға жуықтаған халық қалаулысы бүгінде «Nur Otan» партиясы жанындағы жастарды қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңесінің төрағасы. Халықтың аманатын арқаалаған депутатқа сан сауал жолдаудың сәті түскен еді.

— Мағжан Абзалұлы, депутаттық маңдаты еншілегеніңізге жылға жуықтады. Осы аралықта тұрғындардың түйткілді мәселесін шешу үшін қандай шара қолға алдыңыз?

— Қоғамдағы әрбір мәселе депутаттар үшін маңызды. Мұң-мұқажымен келген халықтың мәселесін шешіп жатсақ, біз үшін үлкен мәртебе. Ойын алаңдары, жол мәселесі секілді бірнеше өтінішті қарадым. «Ақмешіт-2» мөлтек ауданының жастары мен балалары үшін ойын алаңы маңызды мәселеге айналған



Мағжан ЕРӘЛИЕВ, облыстық мәслихат депутаты:

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕР КЕЗІНДЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК

өкен. Тұрғындардың өтінішіне сәйкес, өз қаражатымен ойын алаңын салып бердім. Сонымен қатар қала орталығындағы А.Махамбетов көшесінің тұрғындары жауын-шашын салдарынан көшеде жүру мүмкін еместігін жеткізді. Көшеге тұтастай асфальт жүргізбесек те, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалды, көшеге тас төселді. Биыл су тапшылығынан құаншылық жайлап, ауылдағы ағайынның мазасы қашты. Күнкөрісті малмен байланыстырған аралдық тұрғындардың

мәселесіне бейжай қарап отыра алмадым. Қуаншылықтың зардабын көрген Қосамаң ауылына 1000 пресс жоңышқа шөбін жіберіп, қолдан келген көмекті ұсындым. Нағи Гиясов ауылындағы ардагерлер үшін әлеуметтік шаштараз ашылды. Онда ауыл ардагерлеріне шаштараздан ақысыз қызмет ұсынылады. Бүгінде ауыл жастарының бұқаралық спортқа қызығушылығы артқан. Заманауи «Street workout» жабдықтары, бұлдіршіндер үшін көп деңгейлі балалар

сырғанақтары сатып алынды. Мұнымен қоса жастар үшін футбол және баскетбол алаңдары да салынды. Шама-шарқымыз келгенше елдің жағдайын жақсартуға атсалысып келеміз. Осы мақсатта еңбек етудеміз. Ең бастысы, халықтың алғысын естіп, ықыласына бөлену біз үшін зор қуаныш.



АҒАЙЫНДЫ АРУЛАР – ЖЕҢІМПАЗ

Гауһар Әзен, Гүлназ Жеңісбек. Бір үйдегі қос ару өткен аптада ұлттық өнерді дәріптеген «Тұлпар мініп, ту алған!» сайысының жеңімпазы атанды. Әйтеке би кентіндегі №170 мектепте білім алатын апалы-сіңлі «Едіге батыр» жырын жатқа айтудан алдына жан салмай, жүдделі орынды еншіледі. Ағайындылар бұған дейін де бірнеше әдеби байқауларда топ жарып, қабілетін көрсете білген еді.

Қазіргі таңда Гауһар онының сыныпта, Гүлназ алтынның сыныпта оқиды. Осы уақытқа дейін екеуі де түрлі пәндік олимпиада мен өнер жарыстарынан жүлделес оралған емес. Бұл жолы дода да әдебиетшілер оқушылардың қызығушылығын тудырған.

— Шарада дарынды оқушылар «Едіге батыр» жырын жатқа, мәнерлеп, наышына келтіре айтудан сыға түсті. Жырды толық жаттау ескерілді. Сонымен қатар қосымша мектеп бағдарламасы бойынша қазақ әдебиеті пәнінен сұрақтарға жауап берді. Қатысушылар 6-10 сынып оқушылары болғандықтан сайыс тартысты өтті. Алайда бала кезімен өрлік дастандармен сусындап, кітап оқуға құмарлық өскендіктен, жеңіске деген сенімді жоғалтпадық, — деді Гүлназ Жеңісбек.

Гауһар Әзен де ел көлеміндегі қазақ әдебиеті мен интеллектуалды сайыстардан олжалы оралып жүр. Мәселен, оқушы қыз бұған дейін «Қадыр Мырза Әлі», «Мұқағали Мақатаев» оқуларында бірнеше мәрте жеңімпаз атанған. Сондай-ақ Қызылорда қаласына 200 жыл толуына орай өткен шығармалар байқауы бойынша ауданда жеңімпаз атана, облыстық кезеңде үшінші орынды қанжығалады. Оның үстіне Түркістан қаласында ұйымдастырылған «Яссауитану» халықаралық байқауында қаржылай сертификаттың иегері болды.



Талантты қыздарға бағыт-бағдар беріп, таным көкжиегін кеңейтуге қолғабыс еткен жетекшісі Жадыра Көшекбаеваның еңбегі орасан. Ұстаз жыр-дастанды жаттау әдісі, мәнерлеп оқу тәсілдері секілді қажетті дағдыны оқушының бойына дарытуға күш салып, нәтижелі жұмыс істеуде.

— Ағайындылар «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауына 2019 жылы қатысып, екеуі де аудандық кезеңде жеңімпаз атанған. Ал Гауһар облыстық кезеңде үшінші орынды иеленген-тұғын. Биыл байқау өткен жылдан жемісті болды. Гауһар Әзен бірінші орынды алса, Гүлназ Жеңісбек екінші орынды еншіледі. Жарыстың ұйымдастырылуы, бағалау көрсеткіші жоғары деңгейде өтті, — деді жетекшісі Жадыра Келінбайқызы.

Айта кетейік, байқаудың облыстық кезеңінде 24 оқушы бақ сынап, Гауһар Әзен I орын алса, Гүлназ Жеңісбек II орын иеленді, ал аралдық Қарақат Берікқызы үшінші орынды місе тұтты.

Б.ШАҒЫРОВ,
суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



Қарашаның қақаған суығына қоя салыпты бұл мерекені. Бәлкім, бүрсендеген қыз-жігіттердің бойына шуақ сыйлар деді ме екен?! Әйтеуір, біз білерде 17 қараша «Студенттер күні» болып аталатын.

Мәшік немесе нотариус деген не?

Жастығының жапыңды кезі гой, бұл Жаңа қала, жаңа достар. Қуану, ренісу, қайта таталу. Аялдамадан адаласу. Қоғамдық көліктен шатасқандар. Кейбірі шұқшия білім іздейді. Кейбірі қызық қуып, қала аралайды. Бірі кітапханада. Бірі парк ішінде. Қыз қолынан ұстап, жетектесіп жүретін серіктер де осы студенттер ішінде. Сөзімге бойлап, махаббат машақатына белшесінен бататын сылқымдар да осы жақта. Автобус ішінде бір-біріне ұрлана қарап, аз да болса ұнату сезімін кешіретін халық та осылар болатын. Ауылдан келіп, мың адастан дала баласының қызықтары көп болушы еді мұндайда. Өз басым алғашқы студент болған жылғы аңқау кейпімді әлі ұмытпаймын. Баяндаптық.

Орыс тіліне келгенде омақаса құлайтынның бірі мен едім. Әзіл-шұны аралас, ауызекі сөйлем арасында тұздықтап сөйлегенім болмаса, әлі де таза ауыл тілінде гөпіремін.

Оныма түк қысылған да емеспін. Тіпті, кезекі сөзді менің түскен адаммен кезіске, мақал-мәтелмен тұспалдап, орағытып, бұрынғыларша алыстан қозғап, әлденені меңзеп сөйлесер болсақ, біразға дейін қолтықты жазып шабуға болар еді.

Қуш. Өңіміңнің сүрлеуіне де енді жеттік қой. Әгізімнен бастайын. 2005 жылдың күзінде оқуға түскенімде қырық қыздың арасында оқимын деп ойламағанмын. Тіпті, студент болар шағымды мектептегіден сәл өзгеше, ақ көйлек, қара шалбар кимесек те, ұл-қызы тең, аралас оқиды деп түсінсем керек. Сөйтсем, «қазақ тілі мен әдебиетін» оқу ауылдан келген қыздардың маңдайына жазылыпты. Сол кездің шыңдығы еді бұл. Көбісі ата-ананың айтуымен, мұғалім болса болды да деген «жерде қалмайтын аялдың» жетімен келгендер. Сондағы ең оңайы мұғалімдік те ең оңай пән тіл-әдебиет болып тұр

ғой. Кейінірек қарасам, қаладан институтқа түскен кел арзу финансы, аудит, ағылшын тілі, заңгер сияқты сол кезгі хит мамандықты тізгінідепті. Ал қазір бұл жағдай көп өзгерді гой. Біздің I курсқа түскен қыздардың арасында ағысы Шу, мына беті Жанатас, өзге аймақ – Шымкент мен Семейден де қарақандар бар. Алғаш аудиторияға кіргенімде өз-өздерімнен шыласып жатқан қырық қыз бір сәт сіптідей тына қалған. Қырық қыздың сексен көзі өзіңді тікте қарағанда желке тұсымнан аққан суық тер жауырын арасымен жылжи отырып, қуышыңаққа кеткенін бірі білем. Құдай оңдап, қасыма Сәбит есімді «сенімді серіктері» келіп, қобалжыған көңіл сәл басылды. Көп арпаныш ішіндегі қос бидайдай институт де ген, елекке осылай түскенбіз.



СТУДЕНТТЕР КҮНІНЕ ОРАЙ

Мағжан ЕРӘЛИЕВ, облыстық мәслихат депутаты:

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕР КЕЗІНДЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК



– Жетекші партия жанындағы жастарды қолдау жөнінде аймақтық қоғамдық кеңес төрағасы екеніңізді білеміз. Бүгінде жастардың сан түрлі мәселесі бар. Соның бірі – синтетикалық есірткінің белең алуы. Болашағымызға балта шабатын кеселдің алдын алу үшін қандай жұмыс атқарылуда?

– Оныңыз рас. Бұл қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Қараша айы басталысымен облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, жергілікті полиция қызметі өкілдерімен бірлесіп, оқу орындарының студенттеріне түсіндірме шараларын жүргізудеміз. Себебі профилактика, алдын алу қашанда маңызды. Сонымен қатар жастар арасында кең тараған темекі өнімдерінің ашық сатылымнан алынуды күн тәртібінде. Кәсіпкерлік нысандарды аралап, осындай өнімдерді сатумен айналысатын орындарды анықтап, қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жұмыстар жалғасын табуда.

– Шаһардағы қоғамдық көлік мәселесіне қатысты пікір қақ жарылған. Тақырып аясында талқы қызу. Бір мәселенің басын шалсаң, тағы бірі қылтып шыға келеді. Студенттер мен оқушылар үшін тиімді жағдай жасау соның ішінде...

– Иә, қоғамдық көлік мәселесі өзектілігін жойған емес. Саласын жақсартуға, қызмет көрсететін көліктердің интервалын тұрақтатуға, жүру картасын нақтылауға қатысты арнайы ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ, 17 жасқа дейінгі жасөспірімдердің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруіне мүмкіндікті жан-жақты саралап, қарастырып жатырмыз.

– Оқу жылы қарсаңында студенттерді жатақхана мәселесі қарсы алады. Бұл орайда кей оқу орындарының жатақханасы жаңға жазып емес дегенді естиміз...

– Биыл жатақхана мәселесіне қатысты сараптама жүргіздік. Мәселен, Қазығарт атындағы жоғары

– Ауылдық округтерде маман тапшы. Бірақ сол ауылға жұмыс іздеп келген маманға қандай да бір көмек берілуде ме, жеңілдік қарастылған ба?



музыкалық колледжінде біртұтас қиындық туындаған. 600 студентті бір мезетте сыйдыратын оқу орнында 100 білім алушының ғана жатақханада жатып оқуға мүмкіндігі бар екен. Оқу орны мен жатын орын бір ғимаратта орналасқандықтан кедергі жетерлік. Мұны облыс әкімі Гулшара Наушақызына жеткізді. Бүгінде оны шешу мақсатында сметалық құжат әзірленді. «Өркениет» медицина колледжі студенттерінің 100 пайыз ақылы негізде оқитынын естіп, оқу орнының жатақхана ақысын 8000 теңгеден 6000 теңгеге түсіруге де ықпал жасадық. Қылмысты азайту мақсатында И. Әбдіқаримов атындағы агро-техникалық жоғары колледжін жатақханасына бейнекамера көбейтуді қолға алдық. Сонымен қатар «Орда» колледжі жатақханасының материалдық техникалық базасын, соның ішінде есіктер, жұмыс үстелі, орындықтар, жұмсақ матрастарды жаңалауға ұсыныс берілді. Ол да жатақханаларға рейд жүргізеді. Жастар мәселесіне дер кезінде назар аударуға тиіспіз.

– Ел ертеңі – жастардың қоғамда алатын орны ерекше. Алғар да, парасатты, білімді жастардың ауыл өміріне араласуы құлтарлық іс. Оның тыныс-тіршілігіне қан жүргізетін мамандарды тарту маңызды. Бұл ретте жастарды қолдауға бағытталған «Дипломмен ауылға» бағдарламасының ауқымын кеңейтіміз тиіс деп білеміз. 2009 жылы қолға алынған бағдарламаның 10 жылдан бері берген нәтижесіне көңіліміз көңілді. Мамандарға мұқтаж ауылдар бар. Сондықтан бағдарламаға қатысушылардың мерзімін 3 жылдан 5 жылға дейін ұзарту жоспарда. Елді мекендерге келген мамандарға үй сатып алуға басымдық берілмек. Сонымен қатар бұрын берілген несие бойынша бөренеші бар мамандарға тұрғын үйді сатып алуға немесе салуға жеңілдетілген түрде несие беруге ықпал жасалады. Маман тапшылығы сөзіліп отырған ауылдық елді мекендерге

жұмыс істеуге келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға қолдау шараларын көрсету күн тәртібіндегі негізгі бағыттардың бірі болып қала бермек.

– Соңғы сауал. Өткен жылы «Сыр үміті» жастар қауымдастығын құрдыңыз. Жыл көлемінде қауымдастық аймақ жастарының дамуына қандай үлес қосты?

– Нарық заманы сөздің емес, істің уақыты. Сондықтан өткен жылы жастардың көшбасшысы Талғат Тілепсен бірге жаңа идеяларды талқылап, жастардың жаңа тынысын ашуға жоспар құрдық. «Сыр үміті» жастар қауымдастығы да сол идея аясында құрылды. Басты мақсат – аймақ жастарына қолдау көрсету. Бір жыл ішінде мазмұнды шаралар, жастардың білімін шыңдайтын білім бәсекелерін, байқаулар ұйымдастырдық, жарқын жобаларды қолға алдық. Атап айтсақ, «Арман ағашы», «Q vine», «Сырлы қапалм», «Сыр үміті Smart», «Алтын домбыра», «Жігер» секілді жобалар табысты жүзеге асты.

Жастар шығармашылығын дамыту да басты назарда, жастар арасындағы танымал қозғалыстардың бірі «Жайдарман» ойындарына да тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеміз. Қорық Ата атындағы Қызылорда университетіне демеушілік көрсетіп, «Алтын домбыра» айтыс орталығын аштық. Жасөспірімдер және жастар арасында облыстық шахматтан турнир ұйымдастырып, нәтижесінде 4 оқушы III разрядты спортшы атанды. Жастарды интеллектуалды бағытта дамыту мақсатында «Syr umiti Smart», «Кино Эстафета», «Billim Quest» жобалары да ұйымдастырылды. 25 қарашада «Aqul – battle» республикалық интеллектуалды сайысы өтеді. Біз тың идеямен келген жастарды арқаулан қолдауға дайынбыз.

– Сұхбатшыға рахмет!

Сұхбаттасқан: Ерасыл ШӘРІБЕК

СТУДЕНТТЕР РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері «Ақмешіт жастары» газетінің ұжымымен кездесті.

Басқосуда болашақта қаламды қару етсем деген жастарға азық болар дүние айтылды. Шынайы ақпараттың маңыздылығын естен шығармау, жеделдікті серік ету мәселесі шет қалған жоқ. Себебі креативті, әмбебап маманға сұраныс азаймайды. Бұдан бөлек, аудиторияны терең зерттеу, жазылар материалдың көлемін ықшамдау, интернет сайтпен жұмыс істеу және оны жетілдіру жаңы талқыларды.

Еркін форматта өткен кездесу шығармашыл жастардың шабытын шалқытып, редакциямен бірлескен жобалар жасауға серпін берді.



ҰЛТТЫҚ ТЕНГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

15 қараша – ұлттық валюта күні. Биыл төл теңгенің айналымға енгеніне 28 жыл толып отыр. Осыған байланысты Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы мен Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі ерекше сайыс ұйымдастырды.

«Ұлттық теңге – тәуелсіздік тұмары» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасындағы танымдық сайысқа 6 оқу орны қатысты. Олардың қатарында «Болашақ» университетінің жоғары колледжі, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, «Қызылорда қызмет көрсету және сервис» колледжі, көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі, Қызылорда медициналық жоғары колледжі және «Орда» жоғары колледжі бар. Қатысушылар білім бәйгесінде түрлі кезеңдерден өтті. Тәуелсіздік алғанның бері жеткен жетістіктерімізге тағы бір көз жүгіртіп, тарихта қалған атаулы даяларды еске түсіріп, теңгеге қатысты мақал-мәтелдерді айтып жарысуда алдына жан салмады.

Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің «Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы Мұрат Сәлімов, Ө.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының сектор меңгерушісі Айгүл Көшербаева және «Ұлағат Қызылорда» колледжінің әдіскері Ұлбосын Әлмердинова саралаған сайыста I орын «Орда» жоғары колледжіне бұйырды. II орынды «Болашақ» университетінің жоғары колледжі еншіледі. III орынды М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі иеленді. Жеңімпаздар арнайы диплом, Алғыс қатпармен марапатталды.

ТАЛҚЫ ТАҚЫРЫБЫ – ЖЕМҚОРЛЫҚ



Жең ұшынан жалғасқан кеселдің ұлттық қауіпсіздікке қатыр төңіретіні айтпаса да түсінікті. Онымен қазір әлемдік деңгейде күрес жүруде. Елімізде де жемқорлықпен күрес мақсатында бірқатар жоба жүзеге асты. Жастар арасында мүлдем тәзбеушілік қанғидатын қалыптастыру шаралары қарқынды.

Жақында Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери қызметкері Н.Әбдірақиев жоғары оқу орнын тәмамдап, ұжымда алғаш еңбек жолын бастаған әскери қызметкерлерге «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дәріс өтті. Спикер түйтілді мәселені күрес мемлекет саясатының басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті және онымен күресте ашықтық қандытын қалыптастыру маңызды екенін жеткізді. Жиында жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру, құқықтық сананы қалыптастыру мәселелері де сөз болды.



ЖҰЗ МҮН КӨШЕТ ЕЖМ?

Облыстың қаржы-экономика саласына биыл 100 жыл толды. Атаулы датаға орай Тұңғыш Президент саябағында экологиялық акция өтті. Мақсаты – облыс экономикасы мен қаржы саласының ілгерілеуіне аяңбай қозмет еткен Камал Шөкенов, Бименді Баймаханов, Құттықжол Ұдырысов, Қапқазбек Ажібеков сынды еңбек ардегерлерінің жасаған еңбек мен ізгі жолын көрсету арқылы жастарды табиғатты қорғауға шақыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Маңызды шарада сапа ардагерлері мен жастар, еріктері 100 түп көшет отырғызды.

◀ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

«Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас». Адамның адамдығын тілеуіне, пейіліне қарап өлшейтін қазақ айтылған сөзге, тілеген тілекке, берілген батаға ерекше мән берген. Бүгінде олар ел аузында сақталып, халық мұрасына айналып, қазақ фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қалыптасты. Ұяқасты, ыргакты болып келетін, тұрақты образдарға негізделетін бата халқымыздың жасалық пен жамандық, адальдық пен арамдық тұрғысындағы моральдық-этикалық түсініктерінің айғағы іспетті. Жақында тағылымға толы тақырыпқа терең бойлаған едім.

ӘР ІСІНДІ ӘСЕМДЕ...

Бата берудің өзіндік орны мен жолы, жөн-жоралғысы бар. Оны халық арасында үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық адам береді. Ер азамат отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті. Халқымызда батырларға, билерге ардақты аналардың да бата берген кезі көп. Ол көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған және де қуаныш пен тойдың ретіне қарай соған лайықты берілген. Ұлы үйленгенде атасы, ол болмаса, сол әулеттің үлкені, әкесі бата беруге тиіс. Той иелерінің қалауымен екі жаса бата беруді басқа да үлкен кісілерден сұрауға болады. Қазақ батасын алған адамға құрмет көрсеткен, яғни бата берген адамға рахмет айтылып, арнайы сыйлық берілген. Бұдан бөлек, қазақтың салт-дәстүрін зерттеген Қайыржан қажы Макин «Салтыңды сақта, дәстүріңді дәріпте» кітабында «Бата – ізгі ниет, наным-сенімнің бірілігі. Ата-тегін масқаралайтын ауыр қылмыс жасағанда теріс бата берген. Ол ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып келген. Теріс бата алған адамды халық жек көріп,

қонаққа шақырмаған, қыз алыспаған. Ал теріс батаны қайтару үшін жұртты жинап, Алладан сұрап, жалбарыну рәсімін жасаған. Тірі болса, теріс батамды қайтып алдым деп айтқан. Сондықтан қанша жерден ашу қышқанмен, теріс бата беруге асықпаған» деп жазған екен.

Сондай-ақ, батаның қасиеті ұғым болғанына лиро-эпостық жырлар мен көркем шығармаларға арқау болған жастардың өмірі дәлел. Онда ата-ананың ақ батасын алмай қосылған екі жас мақсат-мұратына жете алмайды. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлеген әкесінен теріс бата алып, ғашығына қосыла алмай өтеді. Ақын Жамбыл Сүйінбайдың батасын алу үшін біраз тер төккен. Ал Сүйінбай Қабан жарыудан өзер бата алған. Өйткені өнер жолындағы адамдар ізбасарлары көңілінен шыққан кезде ғана бата арнаған. Сондықтан болар, үлкендерміз әр істі әсемдеп, ақ батамен бастауға шақырады. Бұрын солай болған, қазір де біздерге үлгі-өнеге болар салт-дәстүріміз әдемі жалғасын тауып келеді.

Арайлым ТӨЛЕГЕНОВА, Жетекшісі: Бақытжан АХУНОВ

— Әсия, қалыңыз қалай? Жарыңа шыққан жаңа кітабыңыз құтты болсын! Сізді сурьбойлық көрермен тележурналист ретінде таниды. Отбасы тақырыбында қалам тербеуіңізге не әсер етті?



Әсия НҰРЛЫБАЕВА,
тележурналист, «Әйел бақыты. Әсияның әңгімелері» кітабының авторы:

ӘЙЕЛДІҢ БАҚЫТЫ – АНА БОЛУ

— Үлкен рақмет! «Әйел бақыты. Әсияның әңгімелері» атты тырнақалды туындымын жарыққа шығуына тұңғышым Халида сеп болды. Жалпы кітап жас қыз-келіншектерге арналған. Өзімнің алғым ауыр кезде, ана статусын иеленгеннен кейін қазақ аудиториясына арналған мазмұнды ақпараттарды таппай, біраз әлекеге түскенім бар. Иә, ғаламтор бетін ақтарсаңыз, ақпарат толып-ақ тұр. Бірақ нақты, ұтымды тілде жазылған мағлұматтарды іздеп таппаймыз.

Жалпы кез-келген қыз баланың өмірі әр түрлі кезеңдерден тұрады емес пе? Өмірге келгеннен кейінгі сәбилік шағы, тілшаар, мектеп бітіру сәті, жасөспірімдік шақ, ұзатылы, жүктілік кезеңі, ана атануы. Өзім кезеңнің өзінің жүктейтін жауапкершілігі зор. Өйткені тайпайтұң заңдылығы сол, құрсағына сәби біткеннен бастап болашақ ана өзін үлкен өмірге дайындай бастайды. Бұл жүктілік кезеңі — ананың өміріндегі ең маңызды, ұмытылмас кезең. Өйткені өзі үшін ғана емес, сәби үшін де ең өсе жауапты. Мінеки, мен өзімнің жүктілігімді асыға күткендіктен болар, сол кезеңге ерекше мән бердім. Біраз кітап беттерін ақтарып, сөбіме сол сөттен бастап күнделік арнадым. Босанғаннан кейін де

бала күтіміне, физиологиялық дамуына аса мән бердім. Медицина мамандарымен де пікір алмасып, үнемі көкейімде түйіп жүрдім. Өйткені Ана болу, сәбиге дұрыс күтім жасай білу де үлкен еңбекті, мол ізденісті талап ететініне көз жеткіздім.

Кітап тілі ұғынықты, түсінікті, оқуға жеңіл. Байқасаңыз, медицина тілінде ақпараттардың көбі түсініксіз әрі қабылдауға қиындық тудырып жатады. Ал бұл туындымды кез-келген оқырман ұға алатындай жазып шықтым.

Көп жас отбасыларды алаңдатыны — бедеулік мәселесі. Медицинада 1 жылға дейін арада бала болмаса, ол отбасы «бедеу» саналады. Осы тақырыпты біраз уақыт зерттеуіме өзімнің басымдағы



Жақында қазақ тілді басылымдар қатарына «Әйел бақыты. Әсияның әңгімелері» кітабы қосылды. Отбасы тақырыбын арқау еткен автормен осы аптада емен-жарқын әңгімелескен едік.

жағдай да сеп болды. Бұл проблемамен күнделікті кезігетін қаншама жаңуа бар, сол жас отау иелеріне ақпараттық тұрғыда да көмек болсын деген мақсатта жазылды. Мәзмұнын тарқатып айтсам, мұнда жүктілікті жоспарлау, бедеуліктің салдары, оның жеңу, жүктілік кезеңі, босану процесі, ана бақытына ие болу сәті, 1 жасқа дейінгі баланың физиологиялық дамуы сипатталған. Ақпараттар тек медициналық тұрғыда тарқатылмаған, өзімнің өмірлік тәжірибеммен сабақтастыра отыра жазылған туынды десем артық болмас. Сол себепті туындының атауы — «Әйел бақыты. Әсияның әңгімелері».

— Кітабыңыздың ең бірінші оқырманы жолдасыңыз екенін айтыңыз. Отбасында сұхбатыңызда. Отбасында ер адам үнемі жарын қолдап, үлесті табу үшін негізгі ескеру жасау керек. Отбасында өз тәжірибеніңден кеңес айта отырсаңыз...

— Иә, отбасының алғашқы оқырманы да, қолдаушымы да — жолдасымы. Шыны керек, ол кісі бұл бастаманы алғаш

қолға аламын дегенде қолдай қойған жоқ, руқсатын да берген жоқ. Күйеуінің разылығын алмай жаңа іске бел бумаған қазақтың қыз-келіншектері емеспіз бе?! Жарайды деп іштей армандадым да қоя салдым. Бірақ біраз уақыт өте келе жолдасым қолдайтынын айтып, руқсат берді. Сол сөттен бастап арнамыма бір қадам жақындағандай болдым. Өйткені екінші жартының демеуі — бәрінен де маңызды.

«Бақыт — дегенің жарының жанында» Бұл қанатты сөз әрбір қазақтың отбасында ұранға айналуы тиіс деп ойлаймын. Өйткені бақыттың бастауы, отбасының үйлесімділігі ер мен әйелдің бір-бірін сөзсіз түсініп, жанары мен қарауынан-ақ ұтынып дер едім. Көз келген жетістікке жеткен ер адамның артында дана әйел тұратынын секілді, отбасымен

алғанынан бастап көз жеткізіп келемін. Біраз ізденісті, білім мен зор еңбекті талап етеді. Кітапты жазу барысында мен өз қаламынан ғана тұған ақпараттармен шектелгенім жоқ, медицина мамандарымен пікірлесем, олардың ойын саралап келе, медициналық бағыттағы ақпараттарды көбірек қостым. Бұл кітаптың ерекшелігі де осында. Қазақ тілді жас аналарға арналған кітап жоқтың қасы екенін ескере келе, орыс тілді аудиторияға арналған ақпараттардың басым бөлігіне аударып жаздым. Гинеколог мамандардың пікіріне сүйендім, ғаламтор беттеріндегі ақпараттарды таразылай келе, туынды жарыққа шықты.

Рас, қазіргі таңда отбасы тақырыбында мотивациялық бағыттағы кітаптардың саны өте көп. Бұл бағыттағы кітаптарды сынаймын да, жай керекін алып, керек емесін өлеңгеуіне тырысамын. Басым бөлігі — шетел жазушылары ұсынған немесе олар жазған кітаптардың аудармасынан туындаған еңбек. Мұндай кітаптарда қазақлықтың иісі де, ұлтымызға тән құндылықтар мен менталитетімізге сай келмейтін дағдылар баяндалған болуы мүмкін. Сол себепті көбінесе қазақ тілді аудиторияға арналған, қазақ жазушылары жазған еңбектерді көбірек оқуға тырысамын. Қанша дегенмен, қазақ тілді кітаптардан менталитетімізден ауытқушылық, ұлтымызға тән үлгі қасиеттерден арылушылық байқалмайды да.

Менің кітабымда қазақтың жас аналарына арналған мазмұнды да маңызды ақпарат мол, әр ана өзімен бірге үнемі қалтасында ана жүрегінің қойын дәптер іспетті.

— «Әйел бақыты. Әсияның әңгімелері» оқырманға жол тартқалы бір апта уақыт өткен екен. Оқырман тырнақалды туындыны қалай қабылдауда?

— Оқырмандардың қабылдауы жаман емес. Медицина маманы болмасам да, бұл бағыттағы еңбекті жазып шыққанымна оң баға берілуде. Әрі гинеколог, әрі педиатр мамандарын тарапынан айтылатын ақпараттардың бір кітапта баяндалуы жас аналар үшін қолға дүние екенін естіп, еңбегіміңи шын мәнінде ақталғаны деп қуандым. Мұның өзі — бір бақыт. Мен үшін ең маңыздысы — оқырмандарымын оң бағасы, ыстық ықылас пен өмірге қажетіне жаратуы.

Сұхбаттасқан
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

ІСКЕР

БАЛ САТЫП БАЙЫП

СУЫҚ ҰСТАП, ЖӨТЕЛ ҚЫССА...

КЕТЕГЕ БОЛА МА?

Бүгінде өмір еңбеккерлері жаз бойы еңбегінің нәтижесін ұсынып келеді. Себебі сайын өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде тұрғындар өнімдерді таласа алады. Соның ішінде Жаңақорған ауданында дайындалатын жантақ балына сұраныс жоғары.

Жас кәсіпкер Асхат Раисов ұсынған өнім ерекше. Денсаулыққа пайдасы шаш етекпен. Індет өршіп, карантин өбегірге салған тұста ол тәуекелге бел буып, өмірде бал орталығын ашқан. Бастамасына «Байқоңыр» ӘКК» АҚ қолдау тапты, нәтижесінде кәсіпкер жаңа заманауи қрылыларды Польшадан әкелуге мүмкіндік алған. Қазір тәтті бал қаладағы әлеуметтік дүкендерде және шағын маркеттерде сатылады. Сәні мен сәлсіз сәй, базасы қолжетімді.

— Жантақ — түйе малының сүйіп жейтін азығы. Сондықтан ауыл тұрғындары өсімдікті гүлдеп, дән байлаған кезде орып, жинап алады. Бұдан бөлек, жантақтан жасалған балдың қаз келген дерттен айықтыратын емдік қасиеті бар. Оның іш құрылысы, тыныс алу органдары ауруларын емдеуде және артық тұзды ыдыратуда септі зор. Суыққа қарсы, ыстық түсетін, жөтелді басатын көмек бар. Аыл-ой қауіптен дамытатынын зерттеушілер дәлелдеген. Себебі өсімдік құрамында каротин, эфир майлары, глюкозидтер, С және К дәрумені кездеседі. Бұдан қолға алған өнімнің ерекшелігі, тапсырыс берушілердің келтіп осымен байланысты. Әсіресе коронавирус өршіп, инфекция алқымнан алған тұста жерлерстерден сұраныс толастамады. Сол кезде ұзақ ойланбай, іске кіріскеніме қуандым. Бастысы, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ тарапынан көрсетілген қолдауға ризамын, — дейді «Қызылорда жантақ балы» орталығының директоры Асхат Раисов.

БІР КЕЛІ БАЛ ҮШІН 19 МИЛЛИОН ГҮЛГЕ ҚОНАДЫ

Балдың дайындалу процесіне зер салатын болсақ, мұнда жанақорғандық омарташылардың үлесі басым. Олар араның әуелі балды жантақ өсімдігінен алуына мүмкіндік жасайды. Көктем шыға саласымен тоғайлы аймаққа барады. Көбіне шегелі мол аумақ таңдалады. Жантақ гүлдеген тұста араларды егістік алқаптарына жіберіп алмау қатан қадағаланады. Жөндікке қамқорлық таныту маңызды. Өйткені өзіне жасалған қамқорлық арқылы ара қалыпты деңгейде бал жинайды. Осылайша, бал омарташылардың көмегімен Асхат басқаратын «Жантақ балы» орталығына жиналады, мұнда ол сүзгіден өтіп, еуропалық жабындықа күйіледі.

Өнім бұған дейін барлық сынақтан сәтті өткен, ЕАЭО сәйкестік сертификаты бар. Дәмі тіпті үйіреді және гипоталергенді.

Жалпы омарта шаруашылығын жүргізіп, бал өндру үшін араның үш түрі өсірілетін көрінеді. Орыс арасы, көрпәтты және украин арасы еліміздің табиғатына бейімделіп, жазы мен қысына үйреніп қалған. Кейіпкеріміз нәтиже болу үшін араға селекциялық жұмыс жүргізіп тіпті екенін айтты. Бұл салалы бал алуға септігін тигізеді. Оған қоса жыл сайын өндірілетін 10 мың тоннаға жуық балдың мың тоннасы экспортқа шықса, ол омарташылар үшін үлкен олжа болмақ.

— Ғалымдар бір омартадан ондаған килограмм өнім алынатынын дәлелдеген. Бір келі бал алынатын гүл шарының жинау үшін жөндік 300 мың шаңқрым ұшып, сол кезде 19 миллион гүлге қонуы керек. Жұмысы ара небәрі 30-35 күн өмір сүреді. Бір ғана бал арасы сағатына 6,5 шаңқырм жылдамдықпен ұшып, бір күнде шамамен 1 мың гүлге қонады. Көрей — гүл тозандыра арық. Дәл ара сияқты шипалы бал жасауға емделіп біреу-біреуіне қауірсаң, Омарташыларда ара шаруашылығы қарқынды дамыса, 2050 жылға қарай елімізде жыл сайын 1 млн тонна бал өндіріп, 10 млрд АҚШ долларына дейін пайда табуға болатынын айтады, — дейді кәсіпкер.

БАЛДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

Асхат бал таңдауға қатысты кеңестерімен де бөлісті. Айтуынша, бал елімізде маусым мен қыркүйекте жиналатындықтан оны осы кезде сатып алған дұрыс. Неғұрлым сұйығын таңдау қажет. Қыстығын бал құрамы өзгере бастайды. Жаңа жыл қарсаңында қолланады. Егер қыста сізге сұйық балды ұсыңса, онда ол табиғи емес. Балдың тамшысын саусағыңызға тамызғанда деңгелену керек. Пішін өзгертетін болса, балға қоспаар қосылған болуы мүмкін. Сонымен қатар балды шайға қосып ішенген кәрі аш қарына жеткен пайдалырақ. Себебі қайталануда суда бал құрамындағы пайдалы дәрумендердің барлығы жойылады. Оған қоса азына зиянды оксиметилфурфурол пайда болуы ғажап емес. Кәсіпкермен тілдесу барысында көп нәрсеге қанықтық. Ара өршіп, бал сату тез бақыды жолы емес екенін түсіндік. Машақаты көп іс тынымсыз еңбекті қажет етеді. «Бал тәтті болғанмен, бейнеті көп» деп бекер айтылмаса керек.

Мөлдір ШАДИН

Режиссер Болат Қалымбетов «Мұқағали» фильмін жарыққа шығаруға он бес жыл уақыт дайындалыпты. Ақын жүректің әлеміне терең бойлап, жанын түсініп, оны қайта көрерменге ұсыну үшін осындай ұзақ уақыт ізденістің көреп қалды. Бұл жайында «Әбден пісіп-жетіліп, дайын болған күні жазушы Жүсіпбек Қорғасбекке сценарийін жазуға өтініш білдірдім. Және фильм барысында жалғыз Мұқағали образы ғана емес, сонымен қатар Фариза Оңғарсынова, Лашын Әлімжанова, Нұргиса Тлендиев, Бауыржан Момышұлы сынды аты аңызға айналған ірі тұлғалардың да бейнесі сомдалған. Мәскеудегі оқуын тастап елге оралған ақын тағдырындағы ауыр да қайғылы кезеңдерді хадари-кәлімізше суреттеуге тырыстық» дейді режиссердің өзі бір сұбаттыңда. Бірақ фильмді көрген сәтте мына жағдайды ескеру керек, бұл – Болат Қалымбетовтың танымындағы шығармашылық ізденіспен қалыптасқан Мұқағали. Ал әр қазақтың жүрегінде өз Мұқағали болады десек, фильм жайлы пікірлердің сан алуан болуы да қалыпты құбылыс.

Фильмнің түсірілім жұмыстары Өскемен қаласында басталып, Санкт-Петербург және Алматы облысында жалғасқан. Картина ақын өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды.

Жаңында ғана көрерменге жол тартқан фильм жайлы әлеуметтік желіде жарияланған көрермен сынының көп екенін байқадық. Бірақ фильмді бағалауда кәсіби сараптаудың маңызы ерекше. Сондықтан киноманушы, өнертану PhD докторы Гүлнәр Көбектің отандық прокатқа шыққан жаңа фильм жайлы кәсіби өзектасына тоқталуды жөн көрдік.

«Фильмдегі тәңеулер – ұтымды режиссерлік шешімдер. Осы арқылы режиссер Мұқағалидың ішкі күйінің арпалысын шебер суреттейді. Брежневтің дәлізіндегі суретін өртеп жібереді. Оз қайғысы ішінде күйіп тұрған ақынға саяси тұлғаның құны бір-ақ тұтам екенін көрсетеді.

Қызының аяқ киімінің тозып кеткен жұпыны күйіне күйінген өкпенің күйі, жедел жәрдем көлігінің ішінде оның мәйітінің аяғын құшақтап қалған екінші, жанының жанталасын шашылған алманың бейнесімен берген теңеуі де өткір.

Арбаға таңылған ұлын подвездің баспалдақтарынан жоғары қабатқа қарай шығаратын сәттегі қиындығы – Мұқағалиға өке ретінде қаншақтың ауыр соққы болса, мүгедек ұлының қарымжан денесін жұл ана ретінде Талшыға да адам тегізсіз сынақ.



«МҰҚАҒАЛИ» КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ МА?



Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Мұқағали» көркем фильмі жарық көрді.

Фильмде жүрекке жарқын күй сыйлайтын ерекше бір көрініс бар. Бұл Мұқағалидың үстіне тонын киіп алып, үйіне келген қонағына балаша қуанып, жер үстелін қолына ұстап алып жүріп, епілдеп қалатын сәті. Дәл осы көріністе ақын жаңына тән тазалықты көреміз. Көңілі жас балалдай таза адамдардың өмірдің күрделі мәселелері туындағандай еңселілік жасауға ары жібермей, икемделе алмай қалып жатуының себебі де бәлкім осында.

Ақын болып жаратылған адамның психологиялық портретін жасап шығу оңай емес. Ол күйке талшықтарын жүйелеп тапсау сияқты күрделі процесс. Оның өміріндегі барлық фактілерді қамту да кейде мүмкін емес. Ең негізгісі, оны осы күйге түсірген басты себеп неде? Күйзеліске түсуінің басты мотиві қайсы? Неге күйінді? Неген жиренді? Не итермеледі? Трагедиясы неде? Осы маңызды сұрақтардың жауабына апаратын оқиға желісін бір тармағын

тарқатып ашудың өзі көп нәрсе» дейді Гүлнәр Көбек.

Әдетте тарихи тұлғаның бейнесін ашу режиссермен қоса актердың шеберлігіне байланысты. Туындада Мұқағалиды бейнелеу актер Аспанбек Жанбалаевқа бұйырыпты. Бұл таңдауды, жаңа дүниені драматург Роза Мұқанова шығармашылық ортаны елестеткен ойлы туынды деп бағалайды: «Мұқағали роліндегі актер Аспанбек Жанбалаевтың сыртқы пішіні мен ішкі құдіреті ғажай үйлесім тапқан. Режиссер үшін ең үлкен қиындық – көкейіндегі кейіпкердің оңай табыла қоймайтындығы. Тіпті кейде сценарий жазылып қойып, актерді іздеуге жылдар кетеді. Режиссер үшін кейіпкерді сомдайтын актердің кездесуі де бір олжа! А.Кончаловскийдің «Грех» фильмінде Микеланджелодан айымайтын адам тауып алғанына социалық шаттанғанын көріп қайран қалған едім. Алпанның өмірі Микеланджелоның суретінен айнымай қалған ғой, мұрнының қысықтығына дейін деп келген. Кейіпкерін тапқан режиссер көз жазбайды, сонарға шыққан қырандай аңдығанын алмай тынбайды. Болат Қалымбетов те қырағылықпен Алатаудың мұзбалағын Атыраудан тапқан екен. Ақынның жан дүниесіндегі буырқанған асау толқын, қалыңқа төзбейтін еркіндік, күресіп жеңе алмайтын шындық, жанарына күлгі әрмен сыйған ұлылық айқындалып, өнердің оқшасына айналды. Күлсінінің өзі қандай мейірімге толы. Аңқау, адал, кемеңгер, періште жұмыс әп-сәтте көрініп, әп-сәтте көлеңкеленіп жоқ болады. Актердің нағыз шеберлігі дерсіз. Ажалмен күресіп жатып та жымығаны қалай дерсіз?

Сценарист, талантты жазушы досым Жүсіпбек Қорғасбек пен көрнекті режиссер Болат Қалымбеттің, оператор Едіге Нүсіпбековтың, суретші Ермек

Өтегеновтың ортақ жұмысы «Мұқағали» көркем туындысының көкіегіне ойлы сәуле шашыпты. Режиссер Мұқағали өмір сүрген ортаны да, қаланы да, дәуір келбетін де айнтыпты сақтаған. Бесіктен белі шпайтпай жатып, ұлттық киноның қазанында өбден шыныққан актер Болаттың, режиссер Болаттың талай туындылары жан бітіретін дер шағы» деп жазды.

Айтқандай-ақ, фильмдегі әр көріністің астарлы мағынасы бар. Мәселен, фильмдегі Мұқағалидың қолында үнемі ұш тал апельсин болады. Сондай-ақ фильмдегі толассыз жауын да себепсіз берілмеген. Бұл туралы сценарий авторы Жүсіпбек Қорғасбек келесідей жазады: «Апельсин – кеңес заманының символы. Ол уақытта базарда көп көкесі, ағыл-тегіл өнім жоқ. Не қылып өкпені, жаңа жылда мерекенің нышаны ретінде дастарханға не мандарин, не апельсин қойылатын. Торт тұрады. Көп ештеңе жоқ басқа. Мейрамханаларға барсақ, жасы үлкен адамдар біледі, ұш тал апельсин беретін дәстүр болатын. Бұл дегальды Болат Қалымбетов өзі енгізді. Фильмнің басында да, ортасында да, аяғында да Мұқағали қолында ұш тал апельсин жүреді. Режиссердің өз шешімі». Тағы бір маңызды жайт, жазушы фильм сценарийн жазбас бұрын «Мұқағали» туралы повесть жазған. Бұл киносценарийді жазу алдындағы барлау жұмысы, кіріспе іспеттес болды дейді сценарий авторы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әр қазақ Мұқағалиды өз түсісімен, өлеңдері арқылы санасына сақтап үлгерген. Сондықтан Болат Қалымбетовтың жаңа дүниесі жайлы кәсіби мамандар тарапынан айтылар ой да, сыни пікір де көп. Бірақ баға беру қашанда халықтың еншісінде...

Еңлік ЕРТАЙҚЫЗЫ



Қол-аяғы бар қамал, ауада қалқыған өлем, жертелудегі өргежейлі, қамқор құбыжық... әйтеуір, абсурдты танымның бәрі – жапон анимесі үшін қалыпты құбылыс. Жауыр тақырып, біздің баяндау әдісінен әрі асқан құнығыс елінің анимациялық жаңалығы өткен ғасырдың өзінде мәдени толқын өкелді. Әсіресе, неше буынның шығармашылық ойлау қабілетін өзгерткен Studio Ghibli өнімінің орны ерек. Олай дейтінім, көрерменің басым The Walt Disney Company фильмдерінен емес, Studio Ghibli коммерциялық мүмкіндігін туындай сапасына айырбастаған бірден-бір студия.

Алдымен анимені жапонның ой-қазынасы санатында сараламай тұрып, мультипликациялық фильм ағымы ретіндегі мән-маңызына тоқтайлық. Әрине, көркемдік ерекшелік, жанр, идеялық мазмұн тұрақсыздығынан әлемдік анимациялық фильмді толық жетік мүмкін бола бермейді. Алайда анименің даму бағытынан Studio Ghibli-



дің жүйелі жолын айқындауға мүмкіндік бар. Жапонияда Studio Ghibli-ге дейін де анимациялық студия болды. Бірақ ғаламдық марапат еншілеген, сыныштардың таңданысын туындауы туыс. Сондықтан атақты аниматор Хаяо Миядзакидің Ghibli-ді құрғандағы мақсатының бірі де анимациялық фильмде «төңкерілген пирамида» жасай еді. Ол ескі сүрлеуді бұзып, толық метражды мульт-



Studio Ghibli: ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ ЕСІГІ

фильмнің өзге концепциясын қалыптастырды. Алдымен анимедегі түстер толқыны жаңарды, бейнелеу әдісі өзгерді. Көңіл-күйді көтергіш, оқиғаны жеңіл қабылдауға мүмкіндік беретін ашық түстерді пайдалану дәл осы Хаяо Миядзакі тусында белең алғаны белгілі. Осы арқылы қоршаған ортаны, қоғамды мейіріммен тануға жол ашқан аниме әлемге кең тарап, сурет кескіні мен бояу ерекшелігі межені орындаған еді. Шебер аниматордың қиялынан туған «Елестер жетегі», «Жүрек сыбыры», «Ергежейлі еліндегі Ариэтти», «Қызыл тасбақа», «Мысықтың оралуы» секілді мультфильмдер сөзсіздің дәлелі.

Бұдан бөлек Хаяо Миядзакидің аниме арқылы жасаған екі ерлігін айтып өткен жөн. Алғашқысы – көзсіз тәуекелді, сапаға адалдық, Қазіргі нарықтағы емес, өткен ғасырдағы экономикалық ахуал танып

болмас жағдайда өтті. Осындай беймәлім сәтте анимациялық студия ашуға қыруар қаржы шығындап, мақсатқа табандылықпен жеткен Хаяо Бүгін мультипликацияның көлеңкесін құтқарды. Даусыз, жапон данышпаны болмаса, өзге өңірден басқа аниматор шығып, жаңа толқын өкелері анық. Алайда Хаяо жасаған сапа деңгейі

мен бейнелеу әдісін әлем көрмес еді. Екінші ерліктің мәні – таным-түсінік, қиял кеңдігі. Талай адамның арманы бала шағынан аса алмай, қиял күйінде қалып жатады. Тіпті, сенген адами құндылық, қоғамдағы қарым-қатынас моделі тек кітап бетінде, ертегі әлемінде деген көңіл ауаны қаншама тұлғаның қанат жаюына кедергі болды десенші... Хаяо болса, сол бала арманың сұлбасын сақтауға, адамзатты бала көзімен қарауға шақырды. Қос әлемнің де шындық өкпенін дәлдеп, «Қиялыңыз болмаша ақиқат» деген идеяны ұсынды. Автор әрбір анимені қарама-қайшы әлемдер арасында бейнелеу арқылы ортақ уақытты қалыптастырғандай әсер қалдыратын. Содан болар, аз уақыттың ішінде Хаяо Миядзакидің фэнтези жанрындағы еңбегі елеусіз қалған емес. Оның үстіне әрбір сюжет ұстыны арқылы жапон мәдениетінің ажырамас бөлешігі мейірімділік екеніне сендіргені бар.

Осылайша Studio Ghibli-дің туындылары шартарапқа жапонның шеберлігін танымал етті. Сонымен қатар анимедегі қиял-ғажайып оқиғадан бөлек, өмірлік сұрақтарға жауап іздеуді де мұрат тұтады. Мысалы, «Мысанның жеткіз қызметі» атты мультфильмде достықтың құндылығын көрсетсе, «Елестер жетегінде» атты туындыда әр әрекеттің өтемі бары айтылады. Тіпті сатқындық, қаза, махаббат ұғымын ерекше талдауға ұмтылық кезіккен.

Р.С. Шығыс – тылсым тұңғыш. Бір қарағанда, жапондардың жасаған анимациялық шешімдері батыстық ойлау жүйесі тұрғысынан көкпен қиял көрінуі ықтимал. Алайда Studio Ghibli-дің кейіпкерлері мен сюжеті қиял ғана емес, ғылыми негіздемесі бар тұтас өнер. Себебі өзіндік ерекшелік қиырып жапон анимесінде фантастикалық ерекет, драмалық оқиға, технологиялық жаңалық қатар өрбиді. Мұндай әдіс көрерменді көркем шығарма мен ғылыми еңбекті қатар оқығандай әсерге бөлері сөзсіз. Сондықтан Studio Ghibli-дің анимесі өң мен түстің қақпасы деп айтуға негіз бар.

Ерсін ШАМШАДИН



Тәуелсіздік жылдарында өліміз қиын көзенді бастан кешірді. Бұл жолда талай тарланның тақымындағы тер көлпеді. Ұлт-азаттық көтерілістер, Ұлы отан соғысы мен Желтоқсан оқиғасы секілді жанжыр өрлік тарих қойнауында сақтаулы. «Егемен ел болсақ» деген бір кезгі арман бүгін біздің бақытымызға айналды.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы да кім-кімді болмасын селт еткізбей қоймады. «Тәуелсіздік алдық, енді оны қалай сақтап қаламыз?» деген сауал көптің көкейін күпті еткен тағдырлы уақыт та болды. Ата-аналарымыз ол кезеңнің өтпелі болғанын, айлап-жылдап жалақы алмай, зейнетақыға жете алмай зарыққан шақ жайлы күрсіне

айтып отырады. Олар қиналды, бірақ шыдады. Қиын күннің желдей есіп өтеріне сенгендіктен. Осыған қарап-ақ, қазақ деген елдің ежелден арманы азаттық екенін байқауға болады. Сол азаттық қанша ғасыр бойы қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өткен қазақтың пешенесіне бұйырыпты. Өзгелермен иық тірестіріп тұрып, тәуелсіздік

алдық. Тәубе. Биыл Тәуелсіз ел атанғанымызға 30 жыл толып отыр. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Мемлекеттімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауал толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып,

болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. Тәуелсіздікті алу бар, бірақ оны қорғап қалу, баянды ету оңай емес. Бақыт деген егемен ел болу дер едім.

«Азаттық пен тыныштық, көксегенім» деп Абай атамыз

жырлағандай, қазіргі қазақ қоғамына ең қажет дүние де – бейбіт өмір мен тату тірлік. Сондықтан әрбір азамат осы екеуінің қадірін біліп, соның қамын жемек керек. Өйткені, біз бақытты ұрпақпыз, алдағы жарқын болашақ та біздің қолда.

Диляра ҚАЛДЫБЕК,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

МАХАББАТ МИЗАМЫ

Жолшырақтың сары түсін ұнатам.
«Мен де» деді миығымнан күліп қыз.
Біз осылай ағарған шақ ұлатан,
Көшелерді күйге бөлеп жүріптіз.

Шіркін, анау, аспан жақта тұрсақ де,
«Соны аңсаймын мен де» деді күліп қыз.

Бірге күлдім,
Алғаш рет бір сәтке,
Жанарымыз түйілісіп тұрыппыз.

Қатты қорқам, қинайды ғой,
құрсын күзі!
«Мен де солай» дейді зілмен күліп қыз.
Біз бұл шақта түнгі аспанның
тылсымбыз,
Біз бұл шақта түнгі ауадан
тұнықпыз.

Мен сүйетін сияқтымын өзіңді!
Махаббатты сөзбен айту мүмкін бе?
Менен артық бағалайды-ау сезімді,
Менен артық ғашық шығар бұл күнде.
Иә, ғашықтық бұйырмайды кім-кімге...

Балқытты ма, балауса қыз,
балғын дем,
Такси «ағып бара жатыр» тасқына.
Қара түнге сіңіп кетті.
Қалдым мен,
Сары түсті көшешырақ астында.

Сары түс ол - сағынышым,
сәлем айтқан шалғайдан,
Жапырақтар жаным сынды,
бірте-бірте сарғайған.
Сары уайымға сап қойдым ба,
кім біледі сулуды,
«Мен де солай» дейтін бе еді?
Бірақ енді, ай, қайдам...

* * *
Азын уақыт жөңкіліп жатқан ағып,
Аз ғұмырда қайтемің жоққа налып?!
Тіл ұшына тығылып тілісіз күйлер,
Түн ішінде жатырмын отқа оранып.

Түсім бе, бұл өңім бе, о, Төңірім?!
Нарға айнала көрмесін бота мұңым!
Су-су болып малмандай ағатын жаным,
Қайтадан бір қарашы от алуын!

Уа, жан ботам!
Жоқ, мүмкін, жан бізді ұққан.
Тәтті арман боп ояндым,
Таң ызғытқан.

Қысып ұстап қолымды жібермеші,
Қол үзейік біржола жалғыздықтан!

Бәрі де ұмыт, таныс жан,
Бөтенше мұң,
Мұндай шақта қыспайды бекер шөлім.

Отқа орандым деппін ғой,
От дегенім,
Сезім толы құшағың екен сенің,

Мен өзімнің нарқымды бұлдамайын,
Сіміріп ал күлкінің күллі арайын.

От ішінен шығарма, өтінемін,
Өртенейін,
Жанайын,
Күл болайын!

Жамбыл БАҚЫТӨЛІ



ӨЗТЕЖІ АЙПАДЫ, ӨЗ ЖАЙЫ ШЕ?

«Журналистің жегені жантақ, арқалағаны алтын». Халық жазушысы Шерхан Мұртаза айтпақшы, журналист болу асқан жауапкершілікті қажет етеді. Оның қоғамдағы рөлі зор. Қаламды қару еткен жандардың еңбегі кейде бағаланса, ұмыт қалып жататын кездер бар. Өр елде журналистердің әлеуметтік мәртебесі әрқилы десек, қате айтқанымыз емес.

Әлеуметтік желідегі мәліметтерге сүйенсек, АҚШ-та қарапайым журналист айына 3000 доллар таба алады. Бұл – 1 288 720 теңгеге жуық. Ұлыбританияда жылына 18 113 133 теңгеге жуық, ал имиджі қалыптасқан журналистің жылына табатын орташа табыс көзі 30 188 565 теңгені құрайды. Көршілес Ресей мемлекетінде

Журналистер одағы мүшелеріне, тіпті олардың отбасы мүшелері үшін демалу орындарында 20% жеңілдік қарастырылған. Өзбекстанда журналистер үшін министрлік атынан арнайы «Реформалар кезеңіндегі БАҚ» атты мемлекеттік тілде практикалық нұсқаулық шығарған. Аталған нұсқаулық журналистерге ақпаратты құқықтық тұрғыдан сауатты, дұрыс жазуға көмектеседі. 2019 жылдың ақпан айында Өзбекстан Парламенті 1997 жылы қабылдаған, 2018 жылғы енгізілген түзетулерімен «Журналистердің кәсіби қызметін қорғау туралы» заңына журналистің құқығын қорғау тұрғысында түзетулер енгізді. Бакуде журналистерге арналған тұрғын үйлер салынған. Жапонның әлемге танымал «Асахи Симбун» газеті қазіргі күнге дейін имиджін жоғалтқан емес, ақпаратты жылдам таратуда алдығы қатардағы БАҚ-қа кіреді. Бұдан бөлек, басқа мемлекеттерде журналистердің мүддесі, олардың әлеуметтік мәртебесіне ерекше назар

аударылып жатыр.

Қазақстанда журналистер орта есеппен айына 169 мың теңгеге дейін табыс табады екен. Жақында белгілі қоғам қайраткері, Сенат депутаты, жерлесіміз Нұрәтөре Жүсіп журналист мәртебесі туралы арнайы заң қабылдауды ұсынып, Премьер-министрдің атына депутаттық сауал жолдады. «Еліміздегі БАҚ туралы Заңда» және «Еңбек кодекsinде» журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. Анығырақ айтсақ, «БАҚ туралы Заңның» 20-бабындағы 10 құқығы мен 21-бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодекsinде мәртебе жөнінде бір ауыз сөз, тіпті журналистердің еңбек ету құқықтары деген бөлім де жоқ», – деді Нұрәтөре Жүсіп.

Сондай-ақ, Сенат өкілі елдік пен мемлекеттілік ісіне тікелей қызмет етіп отырған журналистерге полиция өкілдеріне жасағандай жағдай неге қарастырылмайтынын сұрады. «Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Отандық масс-медиа «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының пәрменді құралы болуы тиіс. Журналистерге сот, прокуратура, ішкі істер, адвокат, нотариус сияқты нақты мәртебе беретін көз келді. Ақпарат саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жоспарын жаңадан жасау қажет. БАҚ-тың ықпалынсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан журналистерді

арнайы әлеуметтік мәртебе арқылы қолдауды ұсынамыз. Ол үшін Журналист мәртебесі туралы арнайы заң қабылдау қажет деп ойлаймын», – деді Нұрәтөре Жүсіп.

Журналистерді құқықтық қолдаудан бөлек, ақпараттық қолжетімділік мәселесі де алаңдатады. Кейбір шенеуніктер төтенше жағдай кездерінде журналистердің сұрағына кәсіби деңгейде жауап беруге дайын болмай жатады. Кәсіби қызметін атқарып жүрген тілшіге кедергі келтіру – халықты мемлекеттік ақпарат алу мүмкіндігінен айыру деген сөз. Көрші Ресейдегі жағдай мүлде басқаша. Журналистердің кәсіби міндетіне кедергі келтіргендер, журналистерге шабуыл жасағандар 6 жылға дейін түрмеге қамалатын арнайы бап та енгізілген. Жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешсе де, қаламының қарымын бөсепдетпеген журналистер қауымының әлеуметтік мәртебесі жайлы әңгіме тіпті бөлек. Журналистер өзгенің жайын айтып, өзгені қорғауға келгенде аянып қалған кезі жоқ. Оған ел күе. Ал өзіне келгенде тартынып қалатыны байқалады. Бұл ойымды болашағына алаңдатып, журналистикаға жуық арада қадам басуға ниетті студент ретінде қағазға түсіруді шештім.

Шөкизат ОЛЖАБАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
студенті

БАЛАСЫҢ ӘЛІ

Сағынып жүрек жүдейді,
аласұрады,
Тағы үміт тапты көңілім
таласып, әні.
Мендегі ұлы сезімді ұғынуға
сен,

Баласың әлі.
Махаббат алау, білпесін
жақсын өлеңім,
Толассыз ән-жыр арнадым,
тапшы көлемін.
Жадырап тұрып жанымды
жараласаң да,
Жақсы көремін!

Аңғармасаң да сен жайлы
арманды мына,
Таң қалам тосын ғашық бол
қалғандығыма,
Мен сүйіп жүріп алданып
қалмасам екен.
Аңғалдығыңа.

Болмағанымен, жарқыным,
бойыңда мінің
Таба алмадым шын қалауын
ойыңдағының.
Шынайылық па, жоқ, әлде
шарасыздық па?
Мойыңда, гүлім.

Ешкімен күткен емеспін
ештенені көп,
Елеусіз қалған сөздерім еш
дерегі жоқ.
Кім айтты саған мұндайда
нағыз махаббат,
Кеш келеді деп.

ҚАДЫР ӘЛЕМІ

Себеп болғанда, ерек
болғанда баршадан бөлек
бек тұлған,
Өлкені үшін де, төңкерісін де
сендік ықпалмен шеп құрған.
Ерен ер неткен, шегелеп
кеткен ынтымағында деп
тұр маң,
Жақұтты шынар, бақытты
шығар тараған ұрпақ
текті ұлдан.

Қалпында сынды, ә? Жарқын
ғасырда шын қиял-ойды
тағы да,
Көмескі арманда, сені еске
алғанда мұң ұялайды жаныма.
Жыр-ән қаламың, Тұран
даламың жаралдың
құмды бағына,
Дүрмек ғұмырда, құрмет
тұғырда жайғаспадың-ау
тағыңа.

Нақ келбетінде, дөптер
бетінде жырларың
сынды әпсанға,
Ағайыным-ау, жаңа айы
мынау онынан туса, бақ сана.
Құзғын тоғанда, біздің қоғамда
тап сендей бөлек тапшы аға,
Өрлігін дарып, өрлігінді алып
қоя салғандай жашаға.

Көңіл сыры еді, өмір сүреді
өзінің атың мәңгілік,
Мұраң өтеді, Тұран етегі
маңғаз даламды таң қылып.
Үңгірген де бүгінде, міне, саған
арналған сан ғұрып,
Ақындығың да, батырлығың
да жүректе тұрса, заңдылық,
Жанымызды өлі Қадыр Мырза
Өлі әлемді жүрер ән қылып.

Бексұлтан САНАҚҰЛ,
М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің студенті

– Қазіргі таңда домбыраға деген қызығушылық жоғары екенін білеміз. Күйші боламын деп оқуға түскен талапкерлерді есептемегенде, аспап сатып алуға ниеттілердің саны мол. Бұл – соңғы бесжылдықтағы өзгеріс. Сіздің ойыңызша, халықтың ата-мұраға қайта ден қоюның сыры неде?

– Бар мән ұлттық тарихта жатыр. Домбыра халық тағдырымен тамырлас. Көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйіне айналған аспап халық тарихнамасына айналып үлгерді. Себебі домбыраның тарихы тым тереңде жатыр. Мәселен, Хорезмде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде қос ішекті аспапта ойнал тұрған музыканттардың күйдірілген саздан жасалған бейнесі табылған. Ғалымдар осыдан II мың жыл бұрынғы бейнелердегі қос ішекті аспаптың қазақ

тәрбие алған ұстаздары болған, сол ұстаздардың арасында қазақтың өншілік, жарышлық, күйшілік, шешендік сияқты өнер түрлері қалыптасқаны анық. Құрманғазының шәкірті атақты Ергали Есканов 300-ге тарта күй білген деген сөз бар. Бұл Құрманғазының күйшілік мектебін толықтай білді дегенге саяды. Ал, маңғыстаулық өйгілі күйші Өскембай 1000-ға тарта күй, оның баласы Мұрат 300-ге тарта күй білген дейді. Мұның өзі бүкіл Маңғыстау күйшілік мектебін шыңына жете меңгергенін көрсетеді. Сол себепті, өнерді көріп, әдісін тауып баптайтын шынайы балкер болғанда ғана шеберліктің шыңына көтерілуге болады.

Ал өгемемдік алғалы күй өнері, күй жанры тарихи тұр-сипатын анықтап, дәстүрлік ерекшеліктерін белгілеуге ұмтылды. Мұның өзі, күй жанрының даму саласының келешекте жоғары сатыға көтерілуіне жол ашып берген еді. Қазір әдістемелік талап – қалпы

ортақ әдістеме қалыптастыруға кедергі емес пе? Мақам мен техникалық қолданыс әр өңірде әрқилы...

– Оны былай түсінген жөн. Бүгінде қазақтың домбыра өнері екі бағытта дамып келеді. Біріншісі, ғасырлар бойы келе жатқан күйшілік өнер жолы. Екіншісі, қазіргі кәсіпқой домбырашылар дайындайтын музыкалық оқу орындары. Ендігі жерде халқымыздың рухани талап-тілегін қанағаттандыра алатындай дәрежеде домбыра өнерін дамыту үшін домбыра тарту шеберлігін жан-жақты зерттеген еңбек қажет. Кенеден келе жатқан күй өнерінің тарихы жайлы, дәстүрлік тұр-сипаты және мектептері туралы жүйеленген бағыттары айқындалуға тиіс. Сонда түрлі күйшілік мектептің кедергісі болмайды. Керісінше, озық тәсілді қалыптастыруға күйшілік мектептердің берері мол. Мәселен, Батыс Қазақстан мектебінің орындаушылық

Екі жыл бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мектепке домбыра пәнін енгізу туралы ұсыныс айтқан болатын. Содан бері білім ошақтарында домбыра үйірмелері құрылып, мыңдаған оқушы ұлттық музыкалық аспаппен жақын танысуға мүмкіндік алды. Демде аспапқа деген нарық сұранысы артса, домбыра үйретудің түрлі әдістемесі жарыққа шықты. Осылайша тұралаған салаға жан бітіп, құнды мұра халыққа қайта оралғандай болған.

Байқаған жанға мұндай ұмтылыстың маңызы зор. Себебі ұлттық тәрбие мен таным болмысын қайта аршу – қоғам алдындағы міндет. Олай дейтіміз, бүгінде рухани құндылықтың беріктігі түрлі ғаламдық мәдени толқынның ырқына ермеудің, өзіндік ерекшелікті сақтаудың жалғыз жолына айналған. Өнер, салт-дәстүр, ұрпақтар сабақтастығының күретамырын ұлттық танымға байлаудың сыры да осында жатыр. Осыған орай күйші, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы Науан Жарасовпен Сыр өңіріндегі дәстүрлі өнердің дамуы, шәкірт тәрбиелеу жайында аз-кем сұхбат құрған едік.

Науан ЖАРАСОВ,
Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы:

КҮЙ ӨНЕРІНЕ ЖҮЙЕЛІ ӘДІСТЕМЕ КЕРЕК



домбырасымен ұқсастығын, оның Қазақстан жеріндегі байырғы көшпелілер арасында кең тараған аспаптың бірі болғанын дәлелдейді. Ол аз десеңіз, домбыра дәстүрінің көнегіне бүгінге дейін сақталған аңыз-күйлер де айғақ бола алады. Түп тамыры терең архикалық салт-санамен ұштасқан күйлерде бағзы замандағы мифологиялық наным-сенімдердің сілемдері сақталған. Осының бәрі ұлт болмысының ажырамас бөлшегі домбыра болғанына дәлел. Содан бопар, қазақ ән-жыры домбыраның сүйемелдеуімен орындап, маңызды оқиғаны жеткізуді де өнерге аманаттаған.

Ал музыкалық аспапқа деген қызығушылық соңғы жылдары артты деген пікірге келсек, айтылған оймен келіспеймін. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлеуметтік жағдай нашарлағанын білеміз. Сондай қиын ахуалдың өзінде домбыра үйрену, аспапты сатып алу ісі тұралаған жоқ. Домбыраны қадірлі қонаққа сыйлау, баланы өнерге баулу бұрыннан бар. Оған қоса бала кезімде ауылдағы әр үйде домбыра ілініп тұрғанын көріп естім. Сондықтан халық арасындағы бұл үрдіс кеше-бүгін болған өзгеріс емес деген болар едім.

– Бүгінгі домбыра үйрету әдістемесінде қандай өзгеріс бар?

– Ғасырлар бойы халықтың көшпелі тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне байланысты күй өнерін үйрету, насихаттау тек жеке орындаушылық формада дамыды. Ол әр дәуірде дәулеткер күйшілердің шығуына мүмкіндік бергені мәлім. Аты аңызға айналған Кетбұға, Қарт Ноғай секілді өкілдердің мұрасы бізге жетіп, таным кеңейді. Олардың күйін өткелі, күйге кезеңді бейнелеген күйші арқылы замана бедерін таныдық. Ұлы Қорықтан басталатын халық күйшілері өзінен-өзі пайда болмағаны белгілі жай. Олардың тәлім-

сақталған, әуен ырғағы бұзылмаған, бұрынғы нұсқасы өзгермеген күйлерді үйрету. Оған қоса мұны болашақта жас күйшіні тәрбиелейтін музыкалық білім кезінің қайнар бұлағы ретінде дәстүрлі қалыптасуы керек. Өйткені, күй – қазақ халқының рухани асыл қазынасы.

– Демек, ескі қағыс түрлері, техникалық қолданыс ең тиімді әдіс болғаны ма?

– Солай айтқа болады. Жалпы, қазақ күй өнері тәжірибесі жоғары дәрежеде болғанын дәлелдейтін жүздеген музыкалық шығарма бар. Сондай-ақ күй жанрының дәстүрлік сипаты мен күй мектептерінің сапалық дамуы байқалады. Халық өнерпаздарының өздері жасаған әдістемелік жүйесі бар екенін осыдан-ақ білеміз. Сондықтан қазіргі домбыра үйрену әдістемесі ғасырлар бойы қалыптасқан күй үйрену тәжірибесінің қайдаларымен тығыз байланыста болуы керек. Халық күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасау – домбыра үйренудің болашақ бағыт-бағдарын қамтиды. Ең бастысы – халық күйшілерінің тәжірибесінен адасып қалмау. Себебі күйдің мазмұнын түсініп, мәнерлеп тарту үшін шеберлік қажет болғандықтан, барлық сырын, әдістерін күйшілер түрде үйрену үшін ұстаздық тәжірибе керек. Ғасырлар бойы қалыптасқан күй тарту өнерін жан-жақты меңгеру үшін әдістемелік жүйе керек. Ең күрделі тұсы – орындаушылық дағдыларды меңгеру, орындаушылық қимыл-әрекет тәсілдерін қалыптастыру. Сондай-ақ оқу бағдарламаларын құру да негізгі жұмыс қатарында.

– Халық күйшілерінің тәжірибесінен ажырамау керектігін айтып қалдыңыз. Олардың әрқайсысы түрлі мектептің өкілі болуы, қағыс ерекшелігі

дәстүрінде домбыраның барлық техникалық дыбыс мүмкіншілігін пайдалану салалары көп. Соның бірі – оң қол мәселесі. Домбыра өнерінде батыстық төкпе, шығыстық шертпе тәрізді дәстүр қалыптасса, сол екі мектептің айырмашылығы қағыс түрлерінде. Батысқа тән күй оң қолдың сермей соғуымен орындалып, «қара қағыс», «іліме

күйдің тілі. Сондықтан оң қолдың қағысының түрлерін көрсететін әрқайсысының өзіне тән атауы мет терминдер жетерлік. Домбыра аспабын үйрету әдістемесінде аталған әдістерді, күйшілік мектептер тәжірибесін қолдану маңызды.

– Өзіңіз атап өткен күйшілік мектептер туралы дерек көң тараған. Тіпті, мектептердің

жетті. Білін-тану, әлде де жинақтау, насихаттау шаралардың күн тәртібіне енуі тиіс. Әдебиет пен музыкатанушы сұғыла мамандарымыздың алдында тұрған бұл міндеттің жүгі ауыр.

Себебі сарыны бөлек, тартысы ерекше Сыр бойының күйлері – ұлттық саз өнерінің інжу-маржаны. Бастауы әріден келе жатқан күйшілік дәстүрдің бүгінгі

көрініс таба білген. Жалпы күйшілік дәстүрлерде тұрақты қалыптасып, аспапты музыкада жанрлық дәрежеге көтерілген «Аққу», «Қосырма», «Ақжелен», «Шапқыма», «Терісқапай», «Ілме», «Қара жорға» үрдістері де Сыр бойы күйлерінде барынша даму қарқынын тапқан.

– Өзіңіз ұстаздық ететін білім ошағына есімі берілген Қазанғап күйшінің мұрасына кеңінен тоқталсаңыз. Себебі Сыр өңіріндегі күйшілік дәстүрдің бел ортасында Қазанғап күйші түр емес пе?

– Қазанғап күйлерін сөз еткенде, алдымен оның «Ақжелен» күйі еске оралады. Қазанғап «Ақжеленнің» 62 түрін шығарған. Нәліктен 62 екенін қазанғаптанушылар адамның алпыс екі тамырымен байланыстырады. Күйшінің «алпыс екі тамыры бұсанып» шығарған «Ақжелен» күйлері лирикаға құрылған. Бір қызығы, күйшінің қанша шығармасы болғанын ешкім де тап басып айта алмайды. Жәлпекеш Айпақов, Қадірәлі Ержанов, Мәжіт Бейсенбаев секілді көптеген домбырашы-күйшілер Қазанғап күйшінің жанында жүріп, шығармасын өзінен тікелей үйрену үшін арнайы Шапқара атанған деген дерек те бар. Қазанғаптың күйлерін жазып алған академик Ахмет Жұбанов, экспедиция жасақтап келген Бек Сүлейменов, Мардан Байділдаев және басқа ғалымдар Қазанғап күйшілері тоғата түсіріп, ғылыми айналымға қосқан Сәдуақас Балмағамбетов те Қазанғаптың күйлерін толық жинақтап алмады. Қазіргі кезде Қазанғап күйшілерің аттары белгілі болғанымен, оларды ешкім толық білмейді.

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін ШАМШАДИН,
суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ



қағыс», «бөгеме қағыс» болып сан түрге бөлінеді. Ал шығыстың шертпе дәстүрінің ерекшелігінде күйлердің ән тектес үннен, сазы мен жұмсақ нәзік үнді болып келуін саусақ басыммен шертпін тарту әдістеріне жатқызуға болады.

Қазақ халқының дәстүрлі домбыра үйрену мектебінде аспапты меңгеруде түрлі әдіс-қағыстарды суреттейтін көп түсінік бар. Осылардың көбі дәстүрді сақтау және алған сүйреу керектігінен туған және бүгінге дейін ауыспа үйрету жүйесінде белсенді түрде қолданылып келеді. Домбыраның қағыстары – күйдің мазмұнын түсіндіруде ең басты құрал. Қысқаша айтқанда, домбыраның қағысы –

өзіндік қағыстары, саусақ басу тәртібі, күй тарту шеберлігіне қатысты мағлұмат көп. Осы орайда Сыр бойы күйшілік өнеріне қатысты мәлімет неге кемші?

– Сыр күйі – өзінен бұрынғы кемел дәстүрлердің ең озық үнілерін сіндіріп барып дүниеге келген бұла өнер. Дұрыс айтсаңыз, бүгінде өлке күйшілерінің есімі елеусіз, ескерусіз қалып жатыр. Төңірегінде теңдесі жоқ бұл күй-қазына тарихы әлі күнге жабулы қазан қалпында. Сондықтан Сыр топырағындағы дәстүрлі күй өнері және күйшілер жөнінде зерттеу жұмысын жүргізу уақыт талабына айналып қажет. Сыр бойының өмі мен күйіне лайықты баға беретін кез

ұрпаққа жеткен үлгілерінде мазмұндық тереңдік, орындаушылық шеберлік, көркемдік құндылық айқын байқалады. Бұл дәстүр көрнекті күйшілер Үсен Төре, Шал Мырза, Жалдыбай Елеукеулы және Қазанғап өнерімен даму кезеңін өткізіп, Әбішев, Құрақтан Досжан, Жаңабарған, Тенізбай, Нартай, Кенек секілді өнер саңлақтары арқылы қазіргі ұрпаққа жетіп отыр. Бұлардың ішінде өз алдына жеке күй орындаушылық мектебін қалыптастырған Қазанғаптың күйшілік тәлімі де Сыр бойының үрдістерінен бастау алғаны анық. Оқшау сарында Сыр бойы күйлерінде, әсіресе, адамның ішкі эмоциялық шақтары, сезім-түсілік ерекшеліктері барынша

Қысқа мерзімде мол қаржыға көнелген бапкерлер үлкен футболда жетерлік. Қызметін қомақты қаражатқа бағалап, жұмысы оң нәтижеге ұласпаған бапкерлердің тізбегін оқырман назарына ұсынамыз.

«Тоттенхэм» бапкері Нуну Эшпириту Санту қысқа уақыт ішінде мол қаржыға ие болған жаттықтырушы атанды. «Тоттенхэм» Нуну Эшпириту Сантуды қомақты қаржы беріп, жұмыстан шығарды. «Челси» мен «Тоттенхэм» клубтарының қожайындары Роман Абрамович пен Даниэль Леви әлемдегі бапкерлерге ең көп ақша жұмсаған екен. Бұл тізімде ПСЖ және «Манчестер Юнайтедтің» де жетекшілері бар. Бүгін жұмыс істемей-ақ, келісімшартта көрсетілген өтемақыны қалтасына қосқан бапкерлер жайлы сөз қозғамақпыз.

ЖАЛАҚЫСЫ ЖОҒАРЫ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР

Роберто Ди Маттео (12,5 миллион еуро)
2011 жылдың ортасында «Челсидің» бұрынғы жартылай қорғаушысы сол кездегі бас бапкер Андре Виллаш-Боаштың жаттықтырушылар штабына еніп кетті. Ал 2012 жылдың басында ол бірнеше сәтсіз матчтан кейін португалиялық маманның орын басты. Роберто маусымның соңына дейін уақытша нұсқа ретінде қарастырылды, бірақ команданы біріктіріп, алға жетеледі, оның тұсында «Челси» кенеттен Англия кубогін және Чемпиондар лигасын жеңіп алды.

Роман Абрамович көптен күткен жұлдызға қуанып, Ди Маттеоны толық келісім-шартқа отырды. Бірақ әлемиялар басылып, уақыт бапкердің нақты деңгейін анықтап берді. Команданың ойыны көрі кетіп, Роберто қараша айында жұмысынан айырылды. «Челсиден» кейін бір маусым «Шалькеде» және үш ай «Астон Виллада» жұмыс істеді. 2016 жылдан бастап Чемпиондар лигасының жеңімпазы атанған бапкер жұмысыз жүр. Чемпиондар лигасындағы кейсіздік жеңіс Ди Маттеого мол қаржы әкелді, жалақы мен бонустардан бөлек, келісімшартты бұзғаны үшін 12,5 миллион еуро өтемақы алды.

Андре Виллаш-Боаш (14,1 миллион еуро)
2011 жылы Роман Абрамович «Порту» клубының жетістігіне сүйеніп, Жозе Моуриньюға қатты ұсақтайтын болашағы зор бапкер алыссы келді. Таңдау Виллаш-Боашқа түсті.

Андре «Челсиді» қайта қырылымдау үшін шақыртылды, бірақ жас жаттықтырушы ол кезде беделді емес еді. Португалиялық маман көп ұзамай ойыншылардың қолдауынан, содан кейін жұмысынан айырылды. Виллаш-Боаш өзі аңданым



Унаи Эмери мен Маурисио Почеттино және Томас Тухель Чемпиондар лигасын жеңе алған жоқ.

аяқтауды қалаймын. Сондықтан мен үшін қаржы мәселесі маңызды», – деп мойындады жаттықтырушы. Оның ойын стилі де жұрттың көңілінен шықпады, ал Сколари клуб басылылармен жанжалдасып қалды. Атап айтқанда «Челсидің» сол кездегі жарық жұлдызы Дидье Дрогбамен сөзге келіп қалды. «Челсиде» жаратқаттарға байланысты және одан да басқа проблемалар болды. Бір-екі ойыншы менің жұмыс стиліме қарсы шықты. Кімдер екенін айтпайын ба? Олар – Анелька мен Дрогба», – деп шағымданды бразилиялық бапкер.

Лондондықтар Премьер-лиганың көшбасшыларынан едәуір артта қалды, ал ақпан айында Сколари жұмысынан айырылды. Бірақ ол өтемақы ретінде көрсетілген 16 миллион еуроны қалтасына басты.

Нуну Эшпириту Санту (16,4 миллион еуро)
Бұл мәміле қазір Даниэль Левидің қорқынышты түсіне айналған болар. Нуну «Тоттенхэмдегі» мансабын керемет бастады. Үш матчта жеңіске жетіп, айдың үздік жаттықтырушысы атанды. Бірақ кейін нәтиже нашарлап, ойыншылар бапкердің ойын түсінігін.

Леви Нунуды егер «Тоттенхэм» үздік аталыққа кірмегенде осы маусымнан кейін өтемақысыз жұмыстан шығару мүмкін еді. Бірақ бұған шыдамы жетпеді. Ол португалиялық маманға 16,4 миллион төлеп, Антонио Контені шақыртып.

Лоран Блан (20 миллион еуро)
Бланның бапкерлік мансабы жақсы өрбіді. «Бордомен» күтпеген жерден чемпион атанып, Франция құрамасына, кейіннен ауқатты ПСЖ-ға шақырту алды. Парижде Лоран керемет жетістіктерге қол жеткізді. Ол Лионель Месси, Неймар және Килиан Мбаппесіз-ақ үш рет Франция чемпионына жеңіп алды. 2014-2015 жылғы маусым ПСЖ үшін тамаша өтті. Париждік клуб Франциядағы барлық турнирлерде топ жарды. Тек Чемпиондар Лигасы ғана бағынбады, осы үшін Блан жұмысынан кетті. Бапкердің келісімшарты 2015 жылдың жазына дейін есептелген, сондықтан шейтхтер 2016 жылы оған 20 миллион еуро беріп, шығарып салды. Бір қызығы, одан кейін ПСЖ-ны тізіндеген барлық бапкерлер тек Франциядағы трофейлермен шектелді.

Луис Фелипе Сколари (16 миллион еуро)
2009 жылы атакты бразилиялық маман әлем чемпионатын жеңген Премьер-лигадағы алғашқы бапкер атанды. Луистің ниеті басынан-ақ анық болды. «Мен 70-ке дейін жаттықтырушы болып жұмыс істегім келмейді. 4-5 жылдан кейін мансабымды

«Евразия» спорт көшені демалыс күндері қала жастарының басын біріктіреді. Себеп – футболдан әуесқойлар лигасының ұйымдастырылуы. Өткен сенбіде жалауы желбіреген жарыстың биыл ауқымы кеңейген. Өдеттегіден өзгеше өрбіген лиганың жаңалықтары көп-ақ. Жаңа маусымның тың бастамасын лиганың әкімшісі Жанболат Кәденовтен сұрауды жөн санадық.

Жанболат КӘДЕНОВ, Футболдан әуесқой лиганың әкімшісі:

ӘУЕСҚОЙ ЛИГА – АЙМАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ АЙНАСЫ

– Жанболат, аздаған үзілістен кейін қысқы маусымның шымылдығы ашылды. Қала жастарының лигаға қызығушылығы қалай?

– Байқасақ, жыл өткен сайын қатысушы команда-лардың қатары едәуір ұлғайып келеді. 5 жыл бұрын әуесқой лигаға қатысуға небәрі 10 команда ниет білдірсе, бүгінде оның қатары 84 командада, 2000-ға жуық қатысушыға жетіп отыр. Лига тек қала жастарымен шектеліп жатқан жоқ. Өрбір командада аудан жастарын да кезіктіріп жатырмыз. Тіпті кейбіреуінде сырт қаладан арнайы келіп, қатысып жатқандарды байқадық. Демек, аймақ футболының дамуына әзіл болса да үлес қосып жатқанымыз көрінеді. Сонымен қатар Шиели мен Қазалы ауданында лиганың филиалы ашылды. Шиелиде 10 команда сынга түссе, Қазалыда 14 команда бақ сынауда.

– Лигадан аз-кем тың жаңалық естіп жүрміз. Өткен маусымға қарағанда қандай өзгерістер орын алмақ...

– Жоғарыда айтқанымдай, қатысушылар санының ұлғайғаны біз үшін ең бірінші жаңалық. Сондықтан қосымша «Д» лигасын ашуды қолға алдық. Онда 8 команда топтастырылып, жұлдыз талас жүргізуде. «С» тобында – 17, «В» тобында – 17, «А» тобында – 15 команда болса, «Супер лигада» 8 команда бар. Соңғысы Қазақстан чемпионаты аясында өтеді. Яғни, командалар аланда 15 минуттан 2 тайм ойнайды. Маусымның ашылу сәтінде төрттік финал

өткізді. Өткен жылғы чемпиондар мен кубок иегерлері суперкубокқа талас жүргізді. Нәтижесінде «Абай Дәулет» командасы жеңімпаз атанды. Сонымен қатар облыстың белді төрешілері қатарымызға қосылды. Лиганың жаңа бас төрешісі болып Жаңдос Минахадин сайланды. Жарнамалық бағыты да қолға алып жатырмыз. «DoDo pizza»-мен серіктестік байланыс орнаттық.

– «Супер лиганың» қатысушылары 10 командадан 8-ге азайып-ты. Мұның себебі неде?

– Иә, маусым алдында жаңа ережелер бекітілді. Лиганың элиталы тобына кез келген команданы қоса алмаймыз. Жоғарыда айтқандай, футболшылар уақытпен ойнайды. 1 матч кем дегенде 1 сағаттан ары созылады. Сондықтан уақытты үнемдеу үшін 8 команданың қатарын толықтырмай, бір-бірімен ойнағанды жөн санадық.

– Желтоқсан айында 35 жастан асқан футболшылар арасында республикалық біріншілік өтеді. Аймақ намысын қай команда қорғайды?

– Ардагерлер футболы Қызылордада жақсы қарқын алған. «Достар» командасы ел біріншілігінде екі мәрте жүлдегерлер қатарынан көрінді. Жалпы қызылордалық командалар 35 жастан асқан футболшылардың ба-секесінде фавориттер қатарында. Сондықтан аймақтың бірнеше командасына жолдама беріп отыр. Желтоқсан айындағы жарысқа «Достар», «Адам Арафат», «Альянс», «Отбасы банк» командалары облыс намысын қорғайды.

МЫҚТЫ БОКСШЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА АНЫҚТАЛАДЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Жалаңтөз Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің құрылысына 20 жыл толуына орай бостан «Қазақстан Республикасының мықты боксшысы» турнирі басталды.

Спорттық шараның ашылу рәсімінде облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов аймақтағы жеңімпаз спортшылардың жетістіктеріне тоқталып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының бас бапкері, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері Аркадий Топалев жастар мен жасөспірімдер арасындағы жарыстарда боксшылардың қол жеткізген жетістіктеріне аяғы.

Турнирге барлығы 14 облыс пен 3 қаладан 17 команда, барлығы 250-ден астам 2006-2007 жылдары туылған жасөспірімдер қатысуда. Жарыс 20-қараша күні қорытындыланып, жеңімпаз атанған балығары қолғап шеберлері жүлделі орындармен марапатталды. Айта кетейік, аталған шара №2 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің спорт залында қапалық дене шынықтыру және спорт белімі мен облыстық спорт басқармасының ұйымдастыруымен өтуде.

The Ring әр айды қорытындылап, боксшылардың рейтингін түзеді. Бұл нұсқаның сұрыптауында қазақстандық боксшылар да назардан тыс қалмайды. IBF және IBO бойынша чемпион Головкин орта салмақта бірінші орында тұр. Жәнібек Әлімханұлы – жетінші орында.



THE RING: ҚАЗАҚ БОКСШЫЛАРЫ ҮЗДІК ОНДЫҚТА

The Ring бойынша топ-10:

1. Геннадий Головкин (Қазақстан).
2. Джермалл Чарло (АҚШ).
3. Деметриус Андраде (АҚШ).
4. Сергей Деревянченко (Украина).
5. Хайме Мунгия (Мексика).
6. Рио Мурата (Жапония).
7. Жәнібек Әлімханұлы (Қазақстан).
8. Крис Юбенк-кіші (Ұлыбритания).
9. Лиам Уильямс (Ұлыбритания).
10. Феликс Каш (Ұлыбритания).

Еске салайық, Головкин де, Әлімханұлы да рингке қайта дайындалып жатыр. 29 желтоқсанда Головкин WBA белбеуінің иегері Рио Мұратамен, 21 қарашада Жәнібек Лас-Вегаста экс-чемпион Хассан Н'Жикамен кездеседі.



Sayasat Nurbek

4,9 мың Достар • 5 mutual



Жазылу

Хабар

ТРЕНДТЕГІ ҮШТІК: IT-ДӘРІГЕР, ЭКОАНАЛИТИК, ГМО-АГРОНОМ

Осыдан 3-4 жыл бұрын Оксфорд университетінің құрметті профессоры, құқық саласындағы әлемге әйгілі IT кеңесші Ричард Сассиндтің «Мамандықтар болашағы» атты кітабы жарық көрді. Тың туындының электронды нұсқасын парактап, «Болашақта мамандықтарды екі түрлі өзгеріс күтіп тұр, жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін» дегенді оқығанда күдік уағаланы рас. Дегенмен нарықтың қай салаға да өзгеріс енгізетіндігі күннен-күнге біліне бастағанды.

Ричард Сассинд бұл еңбегінде біріншіден, жаңа технологиялар дестүрлі жұмысты жеңілдетуі мүмкін деген пікір білдірген. Ал, екіншіден, технология кез келген саладағы проблеманы шешудің тиімді тәсіліне айналатындықтан, қызметкердің жұмысынан айырылу қаупі барын көрсеткен. Бұған қоса профессор біздің ойымызға кіріп те шықтаған IT-дәрігер, құрылыс экоаналитик, ГМО-агроном, биоэнергетик, роботика бойынша қорғаушы, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі секілді мамандықтардың қарқын алатынын алға тартқан. Әрине, өзір мұның қайша пайда болатынын деп басу қиын. Алайда біз ол күнге жақындап келе жатырмыз. Қоғамда нарық қажет ететін, сұраныс сай, бұрын болмаған өзгеше мамандықтар пайда болуда. Оның үстіне жер-жерде «Жаңа мамандықтар атласының» қолға алынуы бұл болжамды нақтылап отыр. Жақында «ETS Education» компаниясының басшысы, «Жаңа мамандықтар атласы» ұлттық жобасының жетекшісі Саясат Нұрбекпен фейсбук желісінде тілдескен едік. Бұған дейін де сарапшы Сыр өңіріне келіп, салаға қатысты жаңашылдықтарды таныстырған болатын. Оның айтуынша, алдағы 10 жылда есепші, кран, трактор жүргізушісі сынды

мамандықтар жойылады. Ал жаңадан пайда болатын мамандық түрлері ақпараттық технологиямен тікелей байланысты. Тіпті дәнекерлеуші, агротехник, медицина қызметкері IT біліктілікті меңгермесе, ісінің алға басуы екталай.

“**Нақты қай индустрия туралы сөз қозғайтынымызды алдын ала анықтап алған жөн. Себебі еңбек нарығы көпсалалы. Әр салада әртүрлі кәсіп танымал. Мәселен, банк секторында тәуекел-менеджері сұранысқа ие болса, фармацевтикада салу мамандары мен GR-менеджерлер қажет. IT саласында көбіне құрастырушылар мен sales-менеджерлерді іздейді. Кейбір мамандықтар еңбек нарығынан мүлде жоғалып кетуі мүмкін деген қауіп бар. Негіз десеңіз, Қазақстанның стратегиялық құжаттарында көрсетілгендей, технологиялық модернизация, индустриялық революция кешенді өзгерістерді алып келді. Біз білім саласында осы дүниені ең бірінші мәселе ретінде көріп, жаңа мамандықтарды анықтау жұмысын қолға алдық. Ол 9 саланы қамтиды. Барлық мамандық 3 топқа бөлінген. Оларға ескірген мамандықтар, түрленіп жатқан және жаңа мамандықтар кіреді. Болашақта 239 жаңа мамандық пайда болады, 129-ы жойылып, 95-і қалты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Егер бұрын архитекторлар жобаларды қолмен сызатын болса, бүгінде оларға AutoCAD, ArchiCAD және басқа компьютерлік бағдарламалар көмекке келеді. Комбайнның өзін джойстиктің көмегімен қашықтан басқаруға болады.**”

Сарапшы елімізде кондуктор, кинотеатр, театр немесе ойын-сауық орталықтарында билеттерді қадағалап отыратын адамдардың еңбек нарығындағы сұранысы күрт төмендейтінін айтты. Олардың орнын терминал алмастыра бастайды. Сонымен қатар банк тұтынушысына қызмет көрсететін менеджерлердің де еңбек нарығындағы үлесі азаяды. Қазірдің өзінде «Kaspi Bank» картонкаларын банк қызметкерлері емес, терминалдар даярлап беретін болды. Сондай-ақ алдағы 3 жылда жұмысшы мамандықтарға, яғни құрылыс-техника саласына мемлекеттік грант көп бөлінетінін хабарлады. Білім және ғылым министрлігі оның 30 проценттен астамы осы салаға бағытталатынын мәлімдеген. Бұдан бөлек, тау-кен, мұнай-газ ісіне жаңа кадрлар қажет. Бұл тізімге денсаулық сақтау саласын да қосқаныз. Себебі пандемия әлем бойынша бір ғана эпидемиолог мамандардың тапшылығын көрсетті. Егер сіз балаңыздың болашақта қай мамандыққа икемді екенін анықтағыңыз келсе, сілтеме арқылы (<https://www.enbek.kz/alias>) тесттен өтуге болады. Нәтижесінде дағдылар бойынша бірнеше сала ұсынылады және мұнда жұмысқа байланысты сұраныс, еңбекақы туралы статистикалық мәліметтер қамтылған. Бұл қызмет тігем. Саясат Нұрбек болашақта жұмыс беруші қызметке үміткердің бойынан текжірібе

мен кәсібиліктен бөлек әмбебаптылықты ідейтінін де алға тартып отыр. Өйткені процестердің оңтайландырылуына байланысты қызметкерлердің міндеті артты. Егер бұрын компанияда жекелеген бөлімдер көп болса, қазір бүтін бір бөлімнің орнына бір ғана әмбебап маман жұмыс істейді. Ол тікелей қызметімен қатар әкімшілік, азаматтық және еңбек құқықтарына қатысты сұрақтарға жауап береді. Бұл әрбір кәсіптің уақыт өте қарқынды трансформациядан өтетінін айғақтайды. Икемділік пен бейімділік керек. Көп ұзамай бірнеше маманның орнын өзін өр бағытта дамытқан бір әмбебап маман алмастыруы бек мүмкін. Сондықтан бізге осындай құнды кеңестерге құлақ түре жүрген жөн.

Мәлдір СНАДИН

Мәшік немесе нотариус деген не?

Сабақ басталғанына бір апта өтті. Бір қуанғаным, бірінші курста, тура мектептегідей «Дш» болады екен. «Дш» ше? Дене шынықтыру. Физкультура. Жаман қуанғаным. «Дш» ағай да көңілшек біреу. Ортаға екі-үш допты лақтырады да, өзі бұфетке қарай тартып кетеді. Жаздық спорттық алаңда қырық қызды қайырып, Сәкен екеуім қала береміз.

— Кәне, бөлініп, волейбол ойнайық. Староста Монтееваның ұсынысы бұл.

— Ойнайық. Кім бар? Іріктеліп, он шақты қыз ғана шыққан. Қалғаны бізден сырттай берді. Өрірек барып, бірі кітап оқиды, тым сылқымдары құтақандай айнасына қарағыштап, бет-аузын керемедке көріседі.

— Жаксы, бөлініп болсақ, бастайық. Мәшік қайда, бере гой. Тым белсеніп ортаға шыға бергенімін. Старостаның көзі ті көрген ешкідей бағжа ете қалды. Жалғыз Монтеева емес, басқалары маған біртүрлі қарап қалты.

— Не дейсін?

— Не дегеніңісі? Мәшікті берсей. Ойнамаймыз ба?

— Ол не? Енді мен ашулана бастадым.

Жейтін нәрсе гой. Ау, енді волейболды мәшікпен ойнамаймыз. Берсей қолыңды маған.

— Бұл доп қой. Акерке қолына қарап күледі.

— Қайдағы доп. Сендерге доп шығар, бізге мәшік бұл. Доп екенін білем де, қырысқыпқен айта салған. Қыздар тырылдап күледі маған. Іштерінен «мынауың ауылдың да ауылынан келген біреу гой» дегені анық.

Қызылорданы қайдам, біздің Арап-Қазалыда допты «мәшік» дейді. «О, мәшік бар ма, кеттік алаңға» деген сөзді біздің ауылдың ұлдары ғана айтады. Екі үлкен тастан қақпа жасап, қалағанынша футбол ойнап, мәшік тегетін де солар.

«Мәшікті» сөйтіп Таразға да апарғанмын. Негізі, мәшіктің дұрысы мынақ екен. Біз оны өзімізше қазайылаңдырып...

Айтпақшы, айтқанымыз курста, айеуір, үй-телефонымен өзіміз сыйайы түрде ұстап танымнан әрумен кездесетін болдық. «Джеванш» деген оригиналдан алыстау иіссуді құлақ түбіне быз-бызд еткізіп, орталық алаңға жарқын жерге барып тұрдым. Белгіленген уақыттан сәл

аса, қаптамадағы соткамнан «Бепалиминің» музыкасы сыңсы қойғаны. Жылдам көтересін мұндайда.

— Алло.

— Қай жердесіз?

— Польшықта го.

— Именно, қай жерінде? Жаныңызда бірдеме бар шығар.

— Аа, ия, қазір. Жан-жағым тез қарай салдым. — Мен Нотариус деген магазиннің қасында тұрмын.

— Қалай дедіңіз?

— Нотариус деген тегісінде жазу бар мағазин тұр. Сол жерге келсеңіз. Ана ару күлді де телефонды қоя салған.

Сәл уақыттан кейін ол қыздың маған «өзілді қатырасыз» дегені, солай түсінгенім айтқаны, менің ұянып бас шыға бергенім есімде. Шынымен, екі-үш күннен кейін нотариус пен мағазиннің ара қашықтығы ай мен күндей екенін бір-ақ білгенім мен.

Мұндай қызық көп. Тек қызықтың соңына түсем деп сабақ жайынан сырғақсып кетпесем болғаны, студентім. Айтпақшы, өткен пандемия өздеріне де біраз соққы болды. Соны ұмытпағайсыз. Мойындау керек, ондай оқудың озық үлгісі бола қоймады бізде. Ауылда жүргендердің дені ұялы телефонның азыбын көрді. Желі тартпайды гой көп ауылда. Мұндайда көзділдіріп сәл төмен түсіре, лекциясын қырағаттап бастайтын ақ шашты ұстаздың алдында отырған ғажап қой. Биік өкшелі сүйір топлайын тықылдата «Сабаққа неге қатыспайсың?» деп ізіннен өкшелей қуар кураторыңды да сол кезде сағынғаның.

Міне, кешегі қырықтуден бері сағынған курстастардың басы қайта қосылды. Сабағы мен серуенін қатар алып жүретін студент дейтін халық көшеде қайта пайда болды. Топтасқан жастардың жарқын күлкісі өр жерден естіледі. Естіле берсін. Қала дейтін қауыр тірлік көп мекенде олардың жүргені өзгеше көрініс береді. Көзге қадімдей қуаныш қой. Мерекенің, студентімі! Бірде аш, бірде топ осы кездің уақыты өзіңше қызық. Бастысы, алдағы болашағың жарқын болсын!

Ақжіріт СОЙЫРҚАС

JULDYZ - JORAMAL (18 – 25 қараша)

Тоқты
Көптен бері ойлап жүрген жұмысыңыз іске асады. Ол үшін (қуш) салмайсыз, оқиғаны сырттай бақылап отырасыз. Ашықтығыңыздың шындығына бағалайтын жаңдар бар. Олар сізді барлық жағынан да қолдайтын болады.

Торпақ
Апта сәтті болмақ. Бұл апта пайдалы іспен айналысуға да, жай демалуға да қолайлы уақыт. Өзіңізге ұнайтын қызықты іспен айналысасыз. Алпа аяғында көңіл көтеретін кештің қонағы боласыз.

Ерік
Аптада жаңа достар табасыз. Сонымен қатар алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлігіне айналатын жанды жолықтырасыз. Дегенмен тәуекелге барып, ірі көлемде сауда жасаудың қажеті жоқ.

Шаян
Айналыңызда болып жатқан жағдайларға қарамастан, сабырлық сақтап отырасыз. Бұл шешімнің дұрыс болмақ. Соның арқасында ішкіліктерден бойды аулақ ұстайсыз, сондай-ақ арақаттауға жол бермейсіз.

Арыстан
Аптада атқарар шаруа көп. Ең алдымен қайсысынан бастау қажет екенін реттеп алыңыз. Ойға түрлі жоспар келеді. Бірақ әдейілерді дәл қазір жүзеге асырудың қажеті жоқ. Себебі олар өзгере табыс әкелмейді.

Бикеш
Аптаны пайдалы іске жұмсаңыз. Әсіресе, қиын шаруаларды қолға алған жөн. Жаңашылдыққа тез өтіресіз. Сонымен қатар көп аяратпаң (ішпен) өзіңізге қажеттіңіз ала аласыз.

Таразы
Қызықты апта. Ішкі түйсіңізге жүгіне отырып, ең қиын шаруаларды мойныңызға жүктеңіз. Өзгелер ала алмаған асуды бағындырасыз. Сіздің түсінік идея барлығына ұнайтын болады.

Сарышаян
Демалуға, күш-жігеріңізді қайта қалпына келтіруге қолайлы апта. Кейбір шаруаны кейінге қалдырған жөн. Алайда мұндай болыңыз. Аптада туыстардың арасында болыңыз.

Мерген
Қиын шаруаның барлығы артта қалды. Енді тыныштықта демалатын боласыз. Көтеріңкі көңіл-күйде болыңыз. Аптада көп күшті қажет ететін, маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмаңыз.

Тәуешкі
Жемісті апта. Тәңертенгілік айтарлық жоспарыңыз болмаса да, біраз уақыттан соң айналысатын іс тауып аласыз. Бойыңызда күш-қуатыңыз көп. Сондықтан біраз шаруаны тындыратын боласыз.

Сұңқылғыш
Көз көптен пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік бар. Ойлау қабілетіңіз жоғары, сондықтан қиын тапсырманы (өзің) оңай орындай аласыз. Сіз өз ортаныңды көшбасшысыңыз. Оны кез келген адам мойындайды.

Балық
Өзгелердің сізге сеніп тапсырған жұмысына бей-жай қарай алмайсыз. Бар ынтыңізбен көмек көрсетіп, қайырымдылық акцияларына атсалысасыз. Сонымен қатар әділеттілік қол жеткізу үшін барыңызды саласыз.

Басы 1 бетте

Көзекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: [@aqmeshit_zhastary](https://www.instagram.com/aqmeshit_zhastary) / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1683